

# МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

ISSN 2072-0297

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

## СПЕЦВЫПУСК



Спецвыпуск кафедры  
«Педагогика, дефектология»  
Кызылординского университета  
«Болашак»

Является приложением к научному журналу  
«Молодой ученый» № 25 (367)

25.1  
2021

# Молодой ученый

## Международный научный журнал

### № 25.1 (367.1) / 2021

Издается с декабря 2008 г.

Выходит еженедельно

*Главный редактор:* Ахметов Ильдар Геннадьевич, кандидат технических наук

*Редакционная коллегия:*

Абдрасилов Турганбай Курманбаевич, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)

Бердиев Эргаш Абдуллаевич, кандидат медицинских наук (Узбекистан)

Жураев Хусниддин Олтинбоевич, доктор педагогических наук (Узбекистан)

Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук

Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук

Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук

Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук

Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук (Казахстан)

Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук (Азербайджан)

Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук

Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук

Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук

Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук

Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук

Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук

Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук

Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения

Искаков Руслан Маратбекович, кандидат технических наук (Казахстан)

Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)

Калдыбай Кайнар Калдыбайулы, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)

Кенесов Асхат Алмасович, кандидат политических наук

Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук

Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук

Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук

Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)

Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук

Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)

Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук

Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук

Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук

Матвиенко Евгений Владимирович, кандидат биологических наук

Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук

Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук

Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук

Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук (Казахстан)

Паридинова Ботагоз Жаппаровна, магистр философии (Казахстан)

Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук

Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук

Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук

Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук

Султанова Дилшода Намозовна, доктор архитектурных наук (Узбекистан)

Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук

Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук

Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры

Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук (Узбекистан)

Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук

Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

*Международный редакционный совет:*

Айрян Заруи Геворковна, кандидат филологических наук, доцент (Армения)  
Арошидзе Паата Леонидович, доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)  
Атаев Загир Вагитович, кандидат географических наук, профессор (Россия)  
Ахмеденов Кажмурат Максutowич, кандидат географических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)  
Бидова Бэла Бертовна, доктор юридических наук, доцент (Россия)  
Борисов Вячеслав Викторович, доктор педагогических наук, профессор (Украина)  
Буриев Хасан Чутбаевич, доктор биологических наук, профессор (Узбекистан)  
Велковска Гена Цветкова, доктор экономических наук, доцент (Болгария)  
Гайич Тамара, доктор экономических наук (Сербия)  
Данатаров Агахан, кандидат технических наук (Туркменистан)  
Данилов Александр Максимович, доктор технических наук, профессор (Россия)  
Демидов Алексей Александрович, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)  
Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)  
Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)  
Игисинов Нурбек Сагинбекович, доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)  
Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, кандидат педагогических наук, декан (Узбекистан)  
Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)  
Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)  
Козырева Ольга Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Россия)  
Колпак Евгений Петрович, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)  
Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)  
Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)  
Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Кыят Эмине Лейла, доктор экономических наук (Турция)  
Лю Цзюань, доктор филологических наук, профессор (Китай)  
Малес Людмила Владимировна, доктор социологических наук, доцент (Украина)  
Нагервадзе Марина Алиевна, доктор биологических наук, профессор (Грузия)  
Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)  
Прокопьев Николай Яковлевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Прокофьева Марина Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)  
Рахматуллин Рафаэль Юсупович, доктор философских наук, профессор (Россия)  
Рахмонов Азиз Боситович, доктор философии (PhD) по педагогическим наукам (Узбекистан)  
Ребезов Максим Борисович, доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)  
Сорока Юлия Георгиевна, доктор социологических наук, доцент (Украина)  
Султанова Дилшода Намозовна, доктор архитектурных наук (Узбекистан)  
Узаков Гулом Норбоевич, доктор технических наук, доцент (Узбекистан)  
Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры (Россия)  
Хоналиев Назарали Хоналиевич, доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)  
Хоссейни Амир, доктор филологических наук (Иран)  
Шарипов Аскар Калиевич, доктор экономических наук, доцент (Казахстан)  
Шуклина Зинаида Николаевна, доктор экономических наук (Россия)



---

---

На обложке изображен *Лев Владимирович Писаржевский* (1874–1938), украинский советский химик, академик Академии наук СССР.

Лев Владимирович родился в Кишиневе (Молдавия). Отец Писаржевского происходил из дворян, работал нотариусом, но рано умер. Семья переехала в Одессу, где работал дядя, брат матери. В семье, кроме Льва, было еще трое детей — София, Мария, Надежда.

С ранних лет юноша показал большое стремление к научным изысканиям. Лев Писаржевский окончил Новороссийский университет в Одессе (ныне Одесский национальный университет имени И. И. Мечникова). Талантливый молодой человек был оставлен в alma mater для работы лаборантом, а затем приват-доцентом.

Четыре следующих года Писаржевский совместно со своим учителем профессором Петром Григорьевичем Меликишвили (Меликовым) занимался изучением неорганических перекисей. Совместно они издали труд «Исследования над перекисями», удостоенный Ломоносовской премии Академии наук. Младшему соавтору было в тот момент всего 25 лет! Эта работа сразу вывела Льва Писаржевского на уровень ведущих российских и мировых ученых-химиков.

После успешной защиты докторской диссертации ученый принял приглашение Екатеринославского горного института и был избран ординарным профессором общей и физической химии. Дальнейшая преподавательская и организаторская карьера Писаржевского в Днепропетровске оказалась очень успешной.

Лев Писаржевский известен прежде всего как крупный специалист по термодинамике реакций в растворах. Многие его труды посвящены термодинамическому изучению влияния растворителя на химическое равновесие. Писаржевский совместно со своим учителем, профессором Меликишвили получил и исследовал ряд абсолютно новых перекисных соединений. Также ученый предложил теорию равновесия электродных процессов. Идеи Писаржевского об электронно-ионном характере химических процессов, его представления о наличии в металлах вольных электронов легли в основу электронной теории гетерогенного катализа.

Знаменитый ученый внес особо ценный вклад в организацию отечественной химической промышленности. По его инициативе в России впервые было организовано производство противо-

газов и ряда медикаментов. Он также разработал и применил на практике новый способ получения йода из морских водорослей и помог организовать в Екатеринославе первый в России завод по добыче йода.

По инициативе Льва Писаржевского при Горном институте была создана научно-исследовательская кафедра электронной химии, позднее преобразованная в Украинский институт физической химии.

Одним из его учеников стал академик Александр Ильич Бродский, который после смерти учителя возглавил Институт физической химии. Бродский проводил особые исследования по проблеме получения тяжелой воды и стабильных изотопов.

Еще при жизни Писаржевского под руководством Бродского в Институте физической химии впервые в Советском Союзе был получен 95-процентный концентрат «тяжелой воды». Впервые в мире «тяжелую воду» получили годом ранее американские химики Льюис Гилберт-Ньютон и Роналд Макдональд, был выделен тяжелый изотоп водорода — дейтерий.

Лев Писаржевский стал одним из основоположников преподавания химии как научной дисциплины. Он издал два очень популярных в свое время учебника — «Введение в химию» и «Неорганическая химия» (совместно с супругой М. А. Розенберг). В этих учебниках весь материал химии впервые был изложен с точки зрения электронной теории строения атомов и молекул. До революции несколько лет Писаржевский возглавлял редакцию научно-популярного журнала «Природа».

Льву Писаржевскому повезло и на личном фронте, что, скорее, является исключением для ученых. Его жена, Мальвина Ассировна Розенберг, была младше мужа на 14 лет. Она родилась в городе Елисаветград (ныне Кропивницкий), окончила Харьковский университет. С 1920 года начала работать в Екатеринославском университете (ныне ДНУ) — сначала ассистентом, затем доцентом кафедры. Из ассистента выросла женщина-ученый, которая стала надежным помощником мужа.

Лев Писаржевский за свои заслуги был увенчан самыми почетными званиями. Академик Академии наук СССР, член-корреспондент, академик Академии наук Украинской ССР, лауреат Ленинской премии за работы по физической химии. Награжден высшей в СССР наградой — орденом Ленина.

*Екатерина Осянина, ответственный редактор*

---

---

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Өмірбек М. Ө.</b> Қазіргі студент тұлғасының рухани- адамгершілігін қалыптастырудағы өзіндік сана- сезімнің маңызы .....	1	<b>Құдайберген Д. Б.</b> Тұлғаның стресске төзімділігінің психологиялық алғышарттары.....	11
<b>Өтегенов Б. Н.</b> Қазіргі студенттердің уақыт бюджеті мәселесінің ерекшеліктері.....	2	<b>Манасова Т. А.</b> Студент тұлғасының ерекшеліктері .....	12
<b>Бимұратова Г. А.</b> Отбасылық қарым-қатынастағы бала тәрбиесіндегі ролі.....	3	<b>Омарова А. Қ.</b> Педагогикалық ЖОО студентінің имиджі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көрінісі ретінде .....	13
<b>Дауленова Г. Ж.</b> Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері.....	4	<b>Пірмахан А. Ә.</b> Студенттердің психологиялық және педагогикалық даму ерекшеліктері.....	14
<b>Елшібек К. Ф.</b> Болашақ мамандардың басқарушылық қабілетін қалыптастырудың ролі.....	5	<b>Сатаева Д. П.</b> Жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылық әлеуетін дамыту .....	15
<b>Жанатай А. Ж.</b> Студенттер арасындағы психологиялық жағдайды тудырудағы тәрбиенің маңызы.....	6	<b>Сахыбай Н. Ж.</b> Қазіргі мектептегі білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызметтің ерекшеліктері.....	16
<b>Жанболатова А. Ж.</b> Қазіргі кезеңдегі психология және оның ғылымдар жүйесіндегі орны мен салалары .....	7	<b>Сейтжан Г. А.</b> Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі .....	17
<b>Қалыбай Ш. Н.</b> Оқыту процесінде студенттердің тұлғалық белсенділігін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану .....	8	<b>Тастыбаева А. Б.</b> Жеке адам және өзін — өзі тәрбиелеу .....	18
<b>Кенжебек А. М.</b> Студенттік шақтағы отбасылық өмірдің психологиясы .....	9	<b>Тру А. С.</b> Бала тәрбиесіндегі отбасы мен психологтың өзара әрекеттестігі.....	20
<b>Қуандықова А. А.</b> Жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану .....	10	<b>Тулеубай А. А.</b> Қашықтықтан оқытудың психологиялық- педагогикалық ерекшеліктері .....	21
		<b>Тұрашов Б. А.</b> Күйзеліс жағдайындағы психологиялық көмектің ерекшеліктері.....	22



## Қазіргі студент тұлғасының рухани-адамгершілігін қалыптастырудағы өзіндік сана-сезімнің маңызы

Өмірбек Мақсат Өмірбекұлы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Кез келген маман иесінің ең алдымен рухани-адамгершілік құндылықтар үлкен маңызға ие. Себебі, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы қалай қалыптасар болса, дәл солай жұмыстар да алға баспақ. Сол секілді, өскелең ұрпақ бойында ізгілік қасиеттерін дамыту қоғам алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі. Бүгінде, тәуелсіз елдің ұландарына артылған міндеттің жүгі ауыр. Себебі, болашақтың іргесін қалайтын, көзі ашық, көкірегі саналы, шынайы ұлт жанашырлары ғана еліміздің алға дамуына негіз бола алмақ. Ал, ол үшін жастарға тек білім мен біліктілікті бойларына сіңіріп қана қоймай, рухани-адамгершілігін қалыптастыру қашан да назардан тыс қалмауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек», — деп атап көрсетілген [1, 2].

Рухани-адамгершілік құндылыққа баулу барысында студенттердің өзіндік сезімін қалыптастырудың орны ерекше. Өйткені адам ішкі жан дүниесімен үндесе отырып, жүрек қалауы бойынша орындайтын болса ғана қоғамға өзінің ықпалын тигізеді. Ықпал етуші ұстаздың басты міндеті оған бағыт-бағдар беріп, ой салатын мысалдармен адамгершілікке баулып, әрі қарай студенттің өзі қорытынды шығаратындай дәрежеге жеткізу қажет.

Білім беру ұйымдарында біліммен қатар, тәрбиені де ұштастыру өте маңызды. Атақты ойшыл — Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы». Олай болса, адамгершілікке баулу үздіксіз жүргізіліп отыратын үрдіске айналғаны дұрыс.

Ұстаздарымыздың бізге үйретер тұстарын назарға алып, студенттердің бірі ретінде үнеміжадымда сақтауға тырысамын. Біздің университетімізде түрлі шаралар ұйымдастырылып, студенттердің өзіндік дамуына үлес қосуда. Ұйымдастырылатын шараларға қатысып, үнемі қызығушылық танытамыз. Осы арқылы, студент тұлғасының өзіндік дамуына және рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптастыруына зор ықпалын тигізеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Алматы, 2010. — 6 б.
2. «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 56–78 бб.
3. Назарбаева С.А. Адам әлемі және әлемдегі адам: өзін-өзі тану теориясы мен практикасы. (Алматы, 24 желтоқсан 2007 ж.). — Алматы: «Бөбек».
4. Назарбаева С.А. Ұстаздан ұлағат. — Алматы: Атамұра, 2000. — 40 б.
5. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. — 21–22 бб.

Жалпы, өзіндік сана-сезімді қалыптастыру барысында кез келген ұтымды тәсілді қолданған дұрыс. Бұл қазақ қоғамы үшін қашан да алғашқы орындардың бірі ретінде қарастырылуда. Мәселен, С. А. Назарбаева өз сөзінде: «Рухани-адамгершілік — тұлғаға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды. Бір минутқа да күмәнданбаймын осы бір болмыстың барлық ежелгі сұрақтарына жауап беру үшін жалпыадамзаттық құндылықтарды аңғарту керек, өзіңнің бастауына оралуың қажет» [3, 78 б.], — деген болатын.

Жалпы, адамзаттық құндылықтар тарихи тұрғыдан шектелмеген рухани табиғатқа ие саяси-әлеуметтік, ғылыми тұлғалық және басқа құндылықтар жүйесінің өзгермелі инварианты болып табылады. Өзін-өзі тану адамға — қоршаған әлемді түсінуге және өзінің сондағы орнын сезінуге, өмірлік ұстанымын анықтауға, қоршаған әлемге көзқарасын жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан жүйелеуге көмектесуі тиіс. Адам, сонымен өзін-өзі тануының нәтижесінде толысу сезімін, өмір қуанышын, оның мәнісін сезіне отырып тұлғалық өсу мен өзін-өзі жетілдіру қабілетіне ие болады [5, 21–22 бб.].

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесін, оның мінез — құлқы мен іс әрекетін анықтайды [4, 40 б.].

Қазіргі студент тұлғасының рухани-адамгершілігін қалыптастырудағы өзіндік сана-сезімнің маңызы тәуелсіз елдің алға қойған басты мақсаттарының бірі болып табылады. Болашаққа нық қадамдар жасаған елдің ұландары сол атқа лайық болып, өздерінің іс-әрекеті, жүрісі, сөйлеген сөзі арқылы көпшілікке үлгі бола алуы тиіс. Сондықтан, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу, студенттердің ой-өрісіне ықпал ету күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Өздеріне сенімді, бойларында жігердің оты ұшқындаған, адамгершілігі мол студенттер біздің қоғамда көп болсын. Ел рухын асқақтататын, бауырмал, рухани дамыған, жалынды жастар қатары көп болсын!

## Қазіргі студенттердің уақыт бюджеті мәселесінің ерекшеліктері

Өтегенов Балғынбек Нұрдинұлы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

**Б**ос уақытты зерттеу-әлеуметтік проблема болып табылады, әсіресе қазіргі жағдайда жастардың болашағы үшін бұл өмір саласы маңызды болып келеді. Бос уақыт — бұл адам өмірінің көптеген аспектілерін сипаттайтын көпқырлы ұғым. Бұл бағалы ресурстарды кері қайтарып ала алмаймыз және қалпына келеді деп те айта алмаймыз. Мәселен, біз ақшамызды жоғалқан болсақ, оны күндердің бір күнінде қайтадан тауып алуға болады. Ал, уақыт бір орнында тұрмайды, өз ағымымен жүріп жатады. Көп жағдайда адамдар өткен өмірлеріне кері бұрылып қарайтын болса, қаншама жылдарының бос өтіп кеткенін енді ғана аңғарып жатады.

Уақыт-менеджменті ұғымына тоқталайық, бұл дегеніміз — уақытты орналастырып, тиімділігін арттыру және пайдаланудеген сөз. Сонымен қатар, бұл біздің қажет емес дүниелерге кеткен уақытымызды анықтауға көмек береді. Оны қолданудың өз мақсаты бар яғни, жасаған іс-әрекеттеріңізді басқарып, бақылап, нәтижелікпен, тиімділікпен жоспарлау процесін алу болып табылады [1].

XXI ғасырда компьютерлік технологиялар мен нано-дәмудің кезеңі жаһандық өзгерістермен сипатталды. «Заманына қарай адамы» демекші, халықтың күнкөрісінің сипаты да өзгеріске түсіп жатты. Осы кезеңнің өткір және өзекті тақырыптарының бірі студенттерінің бос уақыттарын тиімді пайдалану болып отыр [2]. Себебі, кез келген сау қоғамды құру үшін рухани мәдениеті жоғары және шығармашылық ұмтылысы бар үйлесімді, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру қажет деп есептеймін.

Атап айтатын болсам, қазіргі кезде әлемдегі жағдайға байланысты сабақтардың барлығы онлайн форматында өтіп жатқандықтан студенттердің көпшілігі үйден тыс жерлерде уақыттарын көп өткізбейді. Осы кезеңдегі болып жатқан пандемияға байланысты уақыт-менеджментін студенттермен қоса оқушылардың өзі пайдалану керек деп ойлаймын.

Студенттердің бос уақыт мөлшері менің пайымдауымша: 30% «толық жеткілікті», — деп есептейді. 35% «Бос уақыт жеткілікті, бірақ көбірек болса қоғамға пайдалы дүниелермен айналысар едік», — деп жауап берді. 44% бос уақыттың мөлшері жеткіліксіз деп санайды. Бірақ барлығын тиімді пайдалану өзіміздің қолымызда!

Студенттердің үй тапсырмасына кететін уақыты орташа есеппен алғанда: 33% студенттер үй тапсырмасына орташа есеппен 1 сағат уақыт бөледі; 37% студенттер үй тапсырмасына орташа есеппен 2–3 сағат уақыт бөлінеді; 20% студенттер үй тапсырмасына орташа есеппен 3–4 сағат уақыт бөлінеді.

Орта есеппен студенттер сабаққа, үй тапсырмаларын орындауға 10 сағатқа дейін уақыт жұмсайды.

Студенттердің оқудан бөлек маңызды уақыт алушы факторлар бар:

1) Қосымша табыс табумен айналысатын студенттерде жоқ емес, яғни барлық студенттердің ішінде 40–45%-ы аптасына орта есеппен 36 сағатын табыс табуға жұмсайды екен.

2) Өздерінің қызығушылықтарына арналған курстарға қатысатын (музыка, спорт және т.б.) студенттер шамамен 30%-ын құрайды. Олар орта есеппен аптасына 6 сағатын жұмсайды.

3) Көп университеттер белсенді студенттерді де бос қалдырмайды. Яғни, студенттердің көпшілігі университет ішінде түрлі ұйымдастыру топтарымен сабақтардан тыс уақытын жұмсайды. Ол аптасына 9–10 сағатты құрайды.

4) 15% — уақыт алатын өзге істермен айналаспайды.

Студенттер бос уақытының көп бөлігін қалай жұмсайды?

1) уақыттарының көп бөлігі әлеуметтік желімен өтеді (бұл қазіргі қоғамдағы ең үлкен мәселе); 2) өзін-өзі дамыту (курстарға қатысу, кітап оқу, тілдер үйрену және т.б.) (30%); 3) бос уақытын демалыс орындарында өткізу және т.б. (40%); 4) спорт (15%).

Зерттеу жүргізгенде студенттер арасында орта есеппен 5–10 сағат осы әлеуметтік желілерге кетеді, яғни осы студенттердің 60% әлеуметтік желіге уақытын жұмсайды екен. Оқу орнынан тыс, мұғалімнің бақылауынан тыс болғандықтан студенттер білімді интернеттен іздеуге мәжбүр, сол себептен уақыттың біраз бөлігі осы әлеуметтік желімен жұмсалады.

Қорытындылай келе, студенттерге бос уақытты тиімді пайдалануға кеңес бере отырып, оны дұрыс қолдану керектігін түсіндіруіміз керек. Жұмыстың бастапқы бөлімінде алға қойылған міндеттері орындалады және мақсатқа қол жеткізіледі. Жұмыс барысында, уақыттың құндылығын түсінуге, тайм-менеджмент ұғымымен танысуға, дұрыс күнтізбе құра білу маңызын түсіндіре алдым деп ойлаймын. Студенттердің оқу процесіне жұмсалатын айтарлықтай уақыт, қысқа мерзімде көптеген пәндерді оқып үйрену қажеттілігі, уақытылы тамақтанудың болмауы, бұл айқын нейро-эмоционалды стресстің пайда болуына және денсаулық резервінің төмендеуіне әкеледі. Міне сондықтан, жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып студенттердің уақыт менеджментін өздеріне ыңғайлы етіп игеруі керек деп ойлаймын. «Осы күнге дейін қандай мақсаттарым болды? Сол мақсаттарымның қаншасына жеттім?» деп өздеріне сұрақ қойып, «Қайран бос өткен уақытым-ай!» деп өкініп жатамыз. Сондықтан да, әркім өз уақытын барынша тиімді әрі пайдалы істерге жұмсау керек деп нақты айта аламын.

Әдебиет:

1. Нурматова Ю. А. Свободное время в жизни студента // Молодой ученый. — 2012. — № 2 (37). — С. 227–231.
2. Беккер Е. И. Свободное время студента колледжа культуры как часть профессионального развития.



## Отбасылық қарым-қатынастағы бала тәрбиесіндегі ролі

Бимұратова Гүлдана Ақболатқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Серікбаева, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Отбасы, әрдайым баланың жеке басының рухани-адамгершілік қалыптасуы үшін ең маңызды орта және халықтың әлеуметтік көбеюіне ғана емес, сонымен қатар халықтың демалуына да жауапты тәрбиенің басты институты болып табылады және оның өмірінің белгілі бір тәсілі. Қоғамдық қатынастардың дамуы, урбанизация мен ғылыми-техникалық прогрестің әсері бала тәрбиесіндегі отбасылық педагогиканың ролінің белгілі бір тарылуына алып келеді. Алайда, тәрбиелік қызметтің тарылуы ешбір жағдайда тұлғаны қалыптастырудағы отбасының көшбасшылығын жоғалтуға әкеп соқтырмайқоймасы анық.

Отбасы — бұл әлеуметтенудің ең маңызды факторы, тек балалар үшін ғана емес, ересектер үшін де, бұл көбінесе адамның физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы оның бүкіл өмірінде қалай жүретініне байланысты. Отбасы тәрбиесі баланың жеке басын әлеуметтендірудегі қоғамдық қызығушылыққа ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың балалардағы өзін-өзі рухани жаңғыртуға, ал балалар ата-анасынан қамқорлыққа, қорғауға және моральдық көмекке деген жеке қызығушылығына жауап береді. Отбасылық өмірде әлеуметтік-биологиялық, экономикалық, тұрмыстық, адамгершілік-құқықтық, психологиялық және эстетикалық қатынастар қалыптасады. Отбасылық өмірдің осы салаларының әрқайсысы маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Отбасында бала өзіне-өзі қызмет көрсетуге қатысқанда, үйдегі ақсақалдарға көмектескенде, мектепте сабақ өткізгенде, ойын ойнағанда, бос уақытты және көңіл көтеруді ұйымдастырғанда алғашқы еңбек дағдыларын алады және түрлі материалдық және рухани игіліктерді тұтынуды үйренеді. Отбасы-баланың болашақта қандай адам болуына көп әсер етеді. Отбасы басқа адамдардың еңбегін бағалау және құрметтеу қабілетін дамытады: ата-аналарының, туыстарының; болашақ отбасылық ер адамды тәрбиелеу жүзеге асырылады [1].

Отбасында балаларды тәрбиелеу — бұл күрделі, нәзік мәселе, ата-аналардың оң нәтижелерге, шыдамдылыққа, әдептілікке, балалар психологиясы мен педагогикасы саласындағы білімге қызығушылығын талап етеді. Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі оның типіне, өмір сүру жағдайына және ата-ананың отбасында тәрбиелеу функциясын жүзеге асыруға дайындық деңгейіне байланысты анықталады. Барлық ата-аналар балаларымен беделге ие болуға тырысады, бірақ бәрі бірдей жетістікке жете бермейді. Арнайы балалар үшін «жасалған» билік болуы мүмкін емес. Оны жасанды түрде жасауға болмайды, оны қожан-лоққы, ата-ананың күші арқылы таңуға болмайды. Бұл ата-аналардың өздерінде болуы керек. Ата-аналардың беделін қалыптастыруда

олардың сөзге-тәртіпке, талапқа деген жауапкершілік қатынасы белгілі бір рөл атқарады. Талаптар мазмұны бойынша: қатаң және байсалды болуы керек [2].

Отбасында балалар тәрбиесі — ата-ананың жасына, олардың өмірлік тәжірибесіне байланысты. Ерлі-зайыптылар 18–25 немесе 35 жасында ата-ана болады-бұл олардың балаға деген көзқарасына айтарлықтай әсер етеді (мүмкін жағымсыз немесе керісінше, көптен күткен) сияқты жағдайлар болуы мүмкін. Ата-аналардың білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олар балаларын тәрбиелеуге көп уақыт бөледі. Ал егер білім деңгейі аз болса, ата — ана мен баланың арасында үлкен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі кезде, әр баланың тәрбиесіне деген сұраныс та артып келеді [3].

Әрбір отбасында белгілі бір білім беру жүйесі объективті түрде қалыптасады. Тәрбие жүйесі дегеніміз-тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін тұжырымдауды, балаға қатыстыны бәрін ескере отырып, тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің азды-көпті мақсатты сабақтастығын білдіреді. Ата-аналар негізінен баланың алғашқы әлеуметтік ортасын құрайды. Ата-ананың жеке басы-әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Балалар мен ата-аналар арасында туындайтын сезімдердің ерекшелігі негізінен ата-ананың қамқорлығы, баланың өмірін қолдау үшін қажет екендігімен анықталады. Әр баланың ата-анасына деген сүйіспеншілігі шексіз!

Кез келген ұйымдастырушылық үдеріс сияқты, отбасы тәрбиесі де белгілі бір мақсаттылықты, нақты міндеттердің болуын қамтамасыз етеді. Біздің қоғамда жас ұрпақты тәрбиелеуге қатысты мемлекет пен ата-ананың мүдделері жиі сәйкес келетіндіктен, әлеуметтік және отбасылық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері негізінен бірдей, сондықтан балаларды отбасында тәрбиелеудің басты мақсаты рухани байлықты, адамгершілік тазалығы мен физикалық жетілуді біріктіретін тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұл мақсатқа жету-дене, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие сияқты міндеттерді жүзеге асыру. Отбасылық тәрбиеде баланың денсаулығына, оның физикалық дайындығына, шыңдалуына, күшін, ептілігін, жылдамдығын, төзімділігін дамыту туралы қамқорлық маңызды орын алады. Баланы тәрбиелеу және оның өмірін ұйымдастыру, ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастан, ең алдымен, өзін-өзі тәрбиелеуден, отбасылық өмірді ұйымдастырудан, дені сау микроклиматты қамтамасыз ететін жоғары моральдық отбасыншілік қатынастарды құрудан басталатынын естен шығармағанымыз жөн!

Әдебиет:

1. Аркин Е.А. Ата-аналар тәрбие туралы.— 56 б.
2. Арнаутова Е. П. Мұғалім мен мектеп жасына дейінгі баланың отбасы арасындағыынтымақтастық негіздері.— 78 б.
3. Земска М. Отбасы және тұлға.— 147 б.

## Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері

Дауленова Гүлдана Жаркынқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

**Б**ілім әрбір адамзаттың өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Себебі, білімді және сауатты адамзат, білімі жоқ адамзатқа қарағанда жоғары жетістіктерге көбірек жету мүмкіндіктеріне ие.

XXI ғасыр білімділердің заманы демекші, қазіргі кезеңде экономикалық, әлеуметтік салаларман қатар білім беру саласыда қарқынды дамуда. Соның бірі — «жаңартылған білім беру жүйесі».

Жаңартылған білім беру — сапалы білім алуға негізделген, білім алушыларды заманауи үлгіде оқытудың жүйесі. Бұл жүйе негізінен жаңа технологияларды білім жүйесінде қолдана отырып, сапалы білім беруге бағытталған.

Жаңартылған білім беру жүйесінің мақсаты — сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын, эксперименттер жүргізу, ақпараттық технологияларды пайдалану, жеке, жұптық, топтық қарым-қатынас құру, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және пайдалану, оларды тиімді іске асыру, білім алушының жеке басы үшін үйлесімді және қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: бәсекеге қабілеттілік» атты тақырыптағы өз жолдауын барлық отандастырымызға арнады. Жолдау еліміздің білім беру мазмұнын жаңашаландыру, білім берудің үздік тәжірибелерін біріктіруге бағытталады.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемнің білім беру саласында өзгерістер болып жатыр. Соның бірі Қазақстанның шетелдік әдістемелерді белсенді зерттеп, жаңа білім беру технологияларын қолдана бастауы. Бұл білім берудің түріөзіндік Қазақстандық жаңа білім беру жүйесінің моделін құруға көмектеседі. Қазіргі Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл процесс педагогикалық теория мен практикадағы елеулі өзгерістермен қатар жүруде. Жаңартылған білім берудің тиімділігіне тоқталар болсақ, білім алушылар үшін:

- білім алушылардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту және шығармашыл тұлғаны қалыптастыру, ақпаратты саралап, жүйелеуді үйрену;
- білім алушылардың дарындылық қабілеттерін шыңдау және зерттеушілік қабілеттерін дамыту, білім алушылардың өз бетімен ізденуі;
- сыни ойлауға және өз ойын еркін әрі ашық айтуға баулу;
- танымдық қабілеттерін және ойлау деңгейін дамытатын түрлі оқытудың әдістерін пайдалану, білім алуға деген қызығушылықты арттыру;
- қашықтықтан оқыту жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдануды жоғары дәрежеде үйрену.

Әдебиет:

1. Әліпбаева А. Қ. Жаңартылған білімге — жаңаша көзқарас.

Мұғалімдер үшін жаңартылған білім берудің тиімділігі төмендегідей олар:

- сапалы білім беру үшін жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, тақырыпты өзекті түсіндіру;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әртүрлі формаларын қолдану;
- қашықтықтан білім беру жүйесіндегі технологияларды меңгеру;
- сабақ берудегі білім сапасын арттыруға, тақырыптың мақсатын, міндетін жіті түсіну, бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану.

Жаңартылған білім берудің тиімділігімен қатар ерекшеліктері де сан қырлы. Соның бірі қазіргі заманғы Қазақстандық жаңартылған білім берудің ең өзекті ерекшелігі көптілді тұлғаны қалыптастыру болып табылатыны белгілі [2].

Жаңартылған білім беру жүйесінің ерекшелігі — біріншіден мемлекеттік тіліміздегі сөздік қорға, ұлттық ана тілімізге деген құрметтен бастау алып, екіншіден өз елімізді жоғары деңгейге көтеру барысында басқа да шет тілдерді меңгеріп, жаңа дүниеге жаңашаландыру.

Дәлірек айтқанда, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2006 жылы «Қазақстандағы тілдердің үштұғырлығы» туралы Қазақстан халқының Ассамблеясында атап айтты. Ал 2008 жылы ақпан айындағы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобаны іске асыруды жеделдетті.

Қазіргі таңда еліміздің жаңартылған білім беруді дамыту тәжірибесінде мектепқабырғасында, жоғарғы оқу орындарында әртүрлі пәндерді шет тілдерде оқыту қолға алынды. Осының нәтижесінде еліміздің жастарының білімге деген ой-өрісі кеңейіп, түскені барлығымызға мәлім.

Мектеп жасындағы балалар үшін жаңартылған білім беруді жеделдету мақсатында, балаларды жаңашылдыққа шақыратын түрлі оқулықтар бар. Ал жоғарғы білім алушылардың білімін кеңейтіп, өмірлік мақсаттарын қалыптастыру үшін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асты. Жоба мақсаты қазақ жастарының әлемдік кітаптармен білім алуына жол ашып, саналы ұрпақ тәрбиелеу [3].

Заман ағымымен адам баласы да өзгереді, ал адам өзгерген сайын әлемде жаңа жаңалықтарға толы болуда. Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» деген қанатты сөзінбасты назарға ала отырып, жаңартылған білім беру жүйесі де жаңа өзгеріс. Егер сол өзгеріс өз уақытыңда жасалса әлем де жедел әрі қарқынды дамуы сөзсіз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз — оқу. Жаңартылған білім беру жүйесі — жарқын болашақтың кепілі.

2. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология.
3. Назарбаев Н.Ә. Үш тұғырлы тіл бағдарламасы.

## Болашақ мамандардың басқарушылық қабілетін қалыптастырудың рөлі

Елшібек Кәмшат Ғабитқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Серікбаева, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Болашақ маман — қазіргі білім алушы студент. Оқу жоспарын басқару жағынан, педагогика-психологиялық мәселені шешуде, педагог ұстазбен оқушының ортасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін теориялық ойлау білімі болуы қажет деп санайды. Жоғары оқу мекемесінің дайындықтан сүрінбей өткен маманның білім деңгейі биік болуы қажет. Себебі, бұл заң барлық маман бойынша білім беру жұмысын салыстырмалы түрде нақты білім саласы түрінде жасалғаны дұрыс. Оқытудың сапалы мазмұндарын үйреніп, оқу-әрекет-жұмысын ойластырудың қазіргі таңдағы әрекетін іске асырып, педагогикалық әдіс, жалпы, оқытушы мен студенттің біріге ойласқан және ортақ шешілген іс-әрекеті үлкен жұмысты жүзеге асырады. Сол себепті, дәл бүгінгі кезде білім беру саласында оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас жүзеге асырылады [1].

Қазіргі уақытта Отанымыздың білім беру мекемесі дамыған болашақ ұрпақты жетілдіру үшін көптеген мәселелерді шешуде нақты іс-әрекеттер жасады. Мұғалімнің білім деңгейі өзін-өзі дамытуы мен байқалады. Мұндай жағдайда әлеуетті педагогикалық тұрғысынан оқытушының алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне көз жеткізу керек. Мұғалімнің алда болуы оның жеке тұлға ретінде өз жұмысы мен ерекшелігіне байланысты. Бұл кезде тұлғалық қалыптасуына алдына қойған мақсатын орындауға деген әзірлік деңгейде болуы қажет, іскер адам болуы, кәсіп жұмысы мен пәнін толықтыра отырып өзіндік қажеттілігін тани алады. Бұл кездегі «өзіндік қажеттілікті сезіну» кәсіптік іс-әрекеттің түрі.

Кәсіптік іс-әрекеттер барлық адамдардың өмірінде ең маңызды бөлігінің бірі болып табылады, өйткені соның арқасында жеке адам өзін-өзі алға қойып, өз қабілеттерін барынша көрсетіп жүреді. Ең басты тұлғаның дамуы өзіндік маман ретіндегі көтерілуімен айқындалады. Тұлға өзіндік жұмысы қаншалықты жақсы болса оның еңбектегі табыс түрі көрінеді. Көптеген ғалымдардың өзіндік ойы бойынша болашақ маман педагог-психологтың жұмысында мотивация жоғары деңгейде тұрса, кәсіптік бейімделу кезінде үлкен жетістігі көрінеді және шығармашылық дамуы басталады. Ең басты нәрсе, кәсіптік үйренісу, ортаға үйренісу, жұмыстың міндеттері мен ерекшелігіне әсер ететін, сол уақытта талаптар мен іс-әрекетті қамтамасыз ететін мәселе ретінде ойластыру керек. Сонымен кәсіби үйренген маман иесі мол ерекшелікті қабылдаған адам.

Психо-физиологиялық бейімделу деп жаңа физикалық және психофизиологиялық әрекетті режиміне, жұмыс орнының гигиеналық факторына, тамақтануына және демалыс

сәтін ұйымдастыруға үйренісін айтады. Сонымен қатар педагог-психологтар қажетсіз жүйеде бейімделу кезінде психикалық ауытқуды келтіріп стрестте болуы мүмкін. Психологиялық және физиологиялық синдромдарды болдырмайтын көрсеткіш түрлеріне негізгі маманның жағымды эмоциялық күйлері, жұмыс режимінде үйренісуі, жұмысқа белсенді түрде қалыптастыруды айтамыз [2].

Болашақтағы жас маман өз іс-әрекеттерін жақсы көрсете алуы. Жас маман өзінің білімін практикада іске асыра алуы. Бос уақыттарын тиімді пайдалану. Болашақ маман бейімделу кезеңінде тезірек өтсе еңбектегі өсуі байқалады. Сонымен қатар дәрежесі профессионалды деңгейге дейін көтеріледі. А. К. Маркова ойынша: «болашақ маман жаңа жұмыс орнына үйренісуі екі түрде жүзеге асырылады: 1) ақпаратты стресс, жоғары түрде жылдам шешімдерді дұрыс жасай алмауы; 2) эмоционалды стресс түрінде іс-қимылға мотивация өзгеріп, мінез-түрі және сөйлеу тілі бұзылуы.

Мысалы психологиялық білімін жетілдіру, біліктілігін көтеру. Ең басты, кәсіптік іс-әрекетте ойланатын жағдай маманның әлеуметтік рөліне дұрыс көңіл аударған жөн. Осы мәселе орындалса сонымен уақытты дұрыс пайдаланғанда маман иесінде эмоциялық қажу болуы мүмкін емес. Батыс зерттеушілері пікірінше «бейімделудің төмендеуі» жаңа ақпаратпен тоғыспауынан деп қарастырады. Маманды кәсіптік бейімдеуде өзіндік әрекет нақты роль атқарады. Жас маманның өзіндік реттеуі, эмоция, мінездерін және іс-әрекетін, жеке қасиеті басқара алуы маңызды [3].

Қазіргі уақытта білім беруді дамыту — заман талабы. Болашақ маманды даярлауда олардың кәсіптік құзіреттілік қалыптастырудың маңыздылығы бүгінгі уақытта жаңа технологиялық оқыту нақты орындалуда. Сондықтан студенттердің кәсіптік құзіреттілігін теориялық және практикалық жағынан жетілдіру керек сонымен қатар білім беру орталықтарында жұмыс істеп жүрген маман иелерін қайта оқыту, түрлі технологиялармен оқуға деген қол жетімділікті арттыру сияқты мысалдарды айтуға болады.

Қорытындылай келе, кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың барлық құрамдас бөліктері болашақ маман иелерінің білім беру ұйымдарындағы қызметіне, нақты педагогикалық жағдайды ұйымдастыра алу шеберлігіне бағытталған. Маман иесінің кәсіби даярлығы, оның білім беру қызметі аясында иеленген білімі және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын қалыптастырып, өзінің теориялық тәжірибесі арқылы тиімді пайдалана алуымен өлшенеді.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына арнаған Қазақстан-2050 стратегиясы. — Астана, 2012.
2. Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компетентности учителя. — Алматы.
3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: пер. с англ. — М.: «Когито-Центр», 2002. — 396 с.

## Студенттер арасындағы психологиялық жағдайды тудырудағы тәрбиенің маңызы

Жанатай Ақерке Жәнібекқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Серікбаева, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Студенттер арасында психологиялық жағдайды тудыруда тәрбиенің маңызы зор. Топтағы әрбір студенттің жеке-леген тәрбиелік жақтары, бір-бірімен қарым-қатынас жасау кезінде аса қажет. Себебі, бірін-бірі сыйлауы, бірін-бірі түсінуі тәрбиенің маңызды бөлшектерінің бірі болып табылады. Сондықтан, әрбір студент өзінің жеке басының тәрбиесіне көңіл бөлгенжағдайда, топта жағымды психологиялық жағдай туатыны анық. Сол себепті, әрбір студент ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеуі қажет.

Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуі бірнеше кезеңдерден өту арқылы біртіндеп дамуы тиіс: өзінің кемшіліктерін анықтау, өзін-өзі тәрбиелеудің жеке ережелері мен бағдарламасын жасау, өзін-өзі ынталандыру мен өзін-өзі көндіру тәсілдері арқылы бағдарламаны жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу нәтижелерін қадағалау және өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын түзету. Әрбір тұлға өзінің кемшіліктерін анықтауы қажет. Өзін-өзі бағалау барысында студенттер өздері жойғысы келетін кемшіліктерін табады. Бұл, кемшіліктердің шығу табиғаты әр түрлі болуы мүмкін. Бір жағынан, студент өз кемшілігін жағымды қасиеттің даму мөлшерінен қалып қойғаны ретінде қабылдауы мүмкін. Екінші жағынан, ол кемшілік ретінде өзінің идеалындағы бар қасиетке қарағанда өзіндегі жағымды қасиеті жеткілікті дамымаған деп санайды. Мұндай, жағдайда кемшілікті маңайындағылар байқамайды, сондықтан, оны жоюдың өзіндік бастамасы маңызды рөл атқарады. Студенттің жағымсыз қасиеттерін кейде оның кемшілігі деп түсінеміз. Өзін-өзі тәрбиелеу мақсатында жағымды қасиеттерді дамыту қажеттілігіне қарағанда, мұндай жағдайдағы өзін-өзі тәрбиелеу бойындағы жағымсыз қасиеттерді жоюды, яғни қайта тәрбиелеуді қарастырады. Қайта тәрбиелеу дегеніміз ескі жағымсыз таптаурынды жою деген сөз, міне осыдан келіспеушілік пайда болады. Қайта тәрбиелеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Дайындық кезеңі ішкі келіспеушіліктің пайда болуына себеп болатын алғышарттардың қалыптасуымен сипатталады. Тәрбиенің арқасында студенттің бойында ескі машықтары мен бейімділіктері қайшылықта болатын мінез-құлықтың жаңа түрлері қалыптасады. Екінші, келіспеушілік кезеңінде, студенттер жағымсыз машықтарынан бас тартып, адамгершілік қасиеттерін тұлғасына сіңіреді [1]. Қайта тәрбиелеудің үшінші кезеңі, өзінің жағымды идеалдарына еліктеп, өз кемшіліктеріне риза болмай, өзін-өзі тәрбие-

леуге ұмтылады. Кемшіліктерді жоюды мақсат ететін өзіндік тәрбие өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасы бар болса ғана жүзеге асырылады.

Өзін-өзі тәрбиелеу мақсатында пайдаланылатын өзін-өзі көндіру амалдары өзін-өзі ынталандыру амалдарына қарағанда өзгешелеу болады. Оларға өзін-өзі талқылау, өзіне-өзі тыйым салу мен өзін-өзі жазалау жатады. Өзін-өзі талқылау — бұл өзінің әрекеттеріне, мінез-құлқына, ой өрістеріне деген шынайы наразылығы. Адамның өзіне сын көзбен қарауы тұлғаның рухани денсаулығының көрсеткіші болып табылады. Ол тұлғаны өзін-өзі жетілдіруіне итермелейді, студентке өзіне-өзі риза болып тоқтап қалуына мүмкіндік бермейді. Бұл, іштей мойындалған қанағаттанарлықсыздықтың көрінуінің түрі сан алуан. Бұл ішкі диалог ретінде жүзеге асырылатын өзіндіксын түрінде де, өз ұятын қазбалауы да, өзінің тар пейілі мен ұстанымның жоқтығына көрсеткен ашулы монологы түрінде де болуы мүмкін. Алайда, қандай да болмасын түрдегі өзіндік талқылау өзін-өзі жетілдіруге әкеледі [2].

Өзіне-өзі тыйым салу — бұл бір нәрсені қатты тілеген кездегі өзіндік ниеттерінен бас тарту дегенді білдіреді. Бұл амалдың шектеулік қызметі: студенттердің күш-жігерін нақтылы бір өзіндік міндеттемелеріне шоғырландыру. Өзіне-өзі тыйым салу айналысындағы адамдармен болатын келіспеушіліктердің алдын ала отырып, іштегі пайда болатын қарама-қайшылықтардың шешімін табуға мүмкіндік береді. Тілектер тартылысы кезінде бұл амал адамның өзіндік дамуына ықпал ететін қозғаушы күштерді бірінші кезекте жүзеге асыруға көмектеседі. Адам өзіне-өзі тыйым салуды қолдану арқылы өзін-өзі тәрбиелеу жолынан тайдыратын әрекеттерге тойтарыс береді. Өзіне тыйым салудың ерекше бір түрі болып өзіндік бұйрық саналады, тыйым салудың қатаң әрі кесіліп айтқан түрі: «Тәртіпті сақта!», «Шыда!» және т.б. [3].

Алайда, көптеген психологтар мен педагогтар бұл амалдың қолданылуына қарсы. Өзін-өзі жазалаудың жазалаудан айырмашылығы мынада: ол тұлғаның өз күнәсін уайымдап, бас тартуының амалы болмай, олардың нәтижесі болады. Студенттің өз күнәсін мойындап, өз-өзіне риза болмауы маңызды. Өзін-өзі жазалау бұл уайымдарды тереңдетпейді, керісінше оларды жеңілдетеді. Жалпы, өзін-өзі тәрбиелеудің жаңа бағдарламасын жасау мақсатында алынған міндеттемелерді орындау ба-



рысында жасалынған жұмыстың нәтижелерін қорытындылау. Егер студент күнделік жүргізетін болса, онда өзін-өзі бақылау мен өзіндік қорытынды жеңіл жасалатын болады. Мұндай жағдайда студент өзін-өзі тәрбиелеу бойынша бүгін, бір апта

ішінде немесе бір айкөлемінде не істеу керектігін ұмытып қалмайды. Сондай-ақ, жасалынған әрекет жайлы жазып отыру қорытынды жасауға, талдау арқылы өзін-өзі тәрбиелеудегі ақауларды табуға және оған түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Ушинский К.Д. Шығармалар жиынтығы. — 27 б.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. — С. 240.
3. Бехтерев В.М. Избранные работы по социальной психологии. — С. 45.

## Қазіргі кезеңдегі психология және оның ғылымдар жүйесіндегі орны мен салалары

Жанболатова Аида Жұмағалиқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А.У. Тулепбергенова, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Психологияның қазіргі даму кезеңінде әртүрлі ғылымдармен байланысы берік және табиғи болып байланысады, оның ішінде: философия, тарих, педагогика, медицина, әлеуметтану, экономика, биология, химия, физика және т.б. Бұл байланыстар, бір жағынан, психологияның адам психикасын, оның шығу тегі мен адамдардың өмірі мен қызметіндегі рөлін түсінуге әдіснамалық және теориялық тұрғыдан тереңірек қарау мүмкіндігін білдіреді. Екінші жағынан, психология — психикалық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайлары мен ерекшеліктерін зерттей отырып, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдарына объективті шындықтың заңдылықтарын дәлірек түсіндіруге, әлеуметтік және басқа құбылыстар мен процестердің себептілігін нақтылауға ықпал етеді.

Қазір кезеңдегі психология — бұл өте ескі көзі және өте жас ғылым. Мың жылдық тарихы болғанымен, ол әлі де болашақта да қолданысқа ие. Ежелгі грек тілінен аудармада пән атауының өзі «психика» — жан, «логос» — ғылым, оқыту, яғни «жан туралы ғылым» дегенді білдіреді [1].

Психология ғылым ретінде оны басқа ғылыми пәндерден ерекшелейтін ерекше қасиеттерге ие. Психологияны дәлелденген білім жүйесі ретінде білетіндер аз, көбінесе тек онымен арнайы айналысатындар, ғылыми және практикалық мәселелерді біледі. Сонымен бірге, өмір құбылыстарының жүйесі ретінде психология әр адамға таныс. Осы негізде өзінің сезімдері, бейнелері, идеялары, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, ерік, қиял, қызығушылықтар, мотивтер, қажеттіліктер, эмоциялар, сезімдер және тағы басқалар түрінде ұсынылған. Біз негізгі психикалық құбылыстарды өзімізден тікелей анықтай аламыз және жанама түрде басқа адамдардан байқай аламыз.

Психологияның зерттеу нәтижесі, ең алдымен, көптеген субъективті құбылыстарды қамтитын адамдар мен жануарлардың психикасы. Сезім мен қабылдау, зейін мен есте сақтау, қиял, ойлау және сөйлеу сияқты кейбіреулердің көмегімен адам әлемді танып біледі. Сондықтан оларды көбінесе танымдық процестер деп атайды. Басқа құбылыстар оның адамдармен қарым-қатынасын реттейді, оның әрекеттері мен қылықтарын ті-

келей басқарады. Оларды тұлғаның психикалық қасиеттері мен күйлері деп атайды (оларға қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, қызығушылықтар, ерік, сезімдер мен эмоциялар, бейімділіктер мен қабілеттер, білім мен сана жатады). Сонымен қатар, психология адамның қарым-қатынасы мен мінез-құлқын, олардың психикалық құбылыстарға тәуелділігін және өз кезегінде психикалық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуының оларға тәуелділігін зерттейді.

Қазіргі кезде психология — өте кең таралған ғылымдар жүйесі. Бұл салыстырмалы түрде дербес дамып келе жатқан ғылыми зерттеу салалары болып табылады. Оларды өз кезегінде іргелі және қолданбалы, жалпы және арнайы деп бөлуге болады. Біз психологияның кейбір салаларын ғана атаймыз: жалпы, әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, жастық, құқықтық, генетикалық, әскери, инженерлік, дифференциалды, психофизиология, психодиагностика, патопсихология, психотерапия, басқару психологиясы, еңбек психологиясы және т.б [2].

Психология ғылымы — жыл сайын қоғамға көбірек назар аударады, әр түрлі жастағы адамдарға, әлеуметтік мәртебесіне, біліміне қызығушылық тудырады. Психологиялық білімнің негіздері әр адамға өзінің күнделікті өмірінде және іс-әрекетінде қажет. Бұл психологияның қоғам дамуындағы гуманистік бағытты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруға шақырылатындығын анықтайды және бұл қалыптасудың әр түрлі кезеңдеріндегі тәжірибенің әр түрлі салаларымен байланысты жоғары дәрежеге жеткен ғылыми пәндер жүйесі.

Қазіргі заманғы психологияның қызықты және өте жаңа салалары экономикалық психология, экологиялық психология, жарнама психологиясы, тарихи психология, сауда психологиясы және т.б. жатады. Жалпы, психология әр түрлі бағытта қарқынды дамып келеді. Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу, еңбек қызметі, білім беру, тәрбиелеу, денсаулық сақтау салаларына қатысты психологиялық білімдерді мамандандыру процесі жүреді. Адам үшін оң нәтиже алу үшін психологиялық әсер ету әдістері жасалуда. Жан мен руханиятты зерттеу оларды екінші деңгейге ысырғанымен, қазіргі кезеңде

жалғастыруда. Бүгінде руханият ұғымы мистикалық немесе жай бейнелі көрініс емес сияқты. Оған өмірдің мәні, ар-ождан, жоғары адамгершілік құндылықтар мен сезімдер, идеялар,

сенімдер кіреді. Сондықтан руханилықты басқа психикалық құбылыстар сияқты психологиялық әдістерді қолдана отырып зерттеуге болады.

Әдебиет:

1. Маклаков А. Г. Общая психология. — 122–139 бб.
2. Аверин В. А. Психология личности. — 156–234 бб.

## Оқыту процесінде студенттердің тұлғалық белсенділігін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану

Қалыбай Шұғыла Нұрханқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогика ғылымдарының магистрі  
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі қоғамда инновациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында да кеңінен түседі. Білім берудегі инновация өте даулы мәселе. Білім кейде ең консервативті әлеуметтік жүйелер мен мемлекеттік саясат салаларының бірі ретінде қабылданады. Елбасының кезекті жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білімінің деңгейімен айқындалады», — деген тұжырымдамасы кез келген жеке тұлғаның құндылығын арттыра отырып, оны даярлайтын білім берушінің өзінің жауапкершілігінің артуы, тынымсыз іс-әрекеттің негізіндегі еңбек, сапалы деңгейдегі нәтижеге қол жеткізе алу деген түсініктеме келеді десе болар. Тәуелсіз, зайырлы мемлекеттің сүйеніші — білімді де саналы жас ұрпақ екендігін ұмытпағанымыз жөн [1].

Қазіргі кезде тәуелсіз елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалуда және әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл оқу-тәрбие ісі үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Өйткені, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарастар, жаңаша қарым-қатынастар пайда болуда. Келер ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің ғылыми-педагогикалық бағыттың негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі деуге болады.

Соңғы жылдары сабақта инновациялық технологияны қолдану мәселесі күн санап көтеріліп келеді. Бұл жаңа мүмкіндіктер ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқудағы жаңа тәсіл. Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне енгізу қазіргі өмір қажеттіліктеріне байланысты шет тілдерін оқыту процесінде білім берудің мазмұны мен әдістерін жетілдірумен байланысты.

Технологиялық инновациялар барлық деңгейдегі білім беру жүйелеріне айтарлықтай әсер етеді. Онлайн курстар, оқу құралдары, білім беру бағдарламалық жасақтамасы, әлеуметтік желі құралдары және басқа да жаңа технологиялар дәстүрлі сынып ортасын бұзуда. Технологиялық инновациялардың оқушыларға, мұғалімдерге және мектептерге әсерін түсіну білім беруде

технологияны басқару мен қолданудың стратегиялары мен әдістерін жасау үшін өте маңызды.

Білім беру мәселелерін шешу мұғалімдердің кәсіби дайындығынан басталатыны анық. Осыған орай, болашақ мектеп және колледж мұғалімдерінің білімі тек таңдалған саладағы іргелі білімге ғана емес, сонымен қатар жалпы мәдениетке, оның ішінде ақпараттық білімге негізделуі өте маңызды. Заманауи мұғалім өзінің «өз» пәнін үйретіп қана қоймай, сонымен қатар инновациялық технологияларды қолдана білуге және оларды белгілі бір білім беру саласында шығармашылықпен қолдана білуі керек. Бұл жағдайда жаңа технологияларды қолдана алатын мұғалімді ғана емес, зерттеуші, жаңашыл және экспериментті, шығармашылық ізденіске, тарихи педагогикалық мұраны сыни бағалауға және қазіргі қоғамға бейімделуге қабілетті жеке тұлғаны даярлау мақсаты тұр. Білім берудегі инновациялық теория бұл білім беру жүйесіндегі инновациялық процесс, инновациялық қызмет, жаңашылдық және инновациялық орта, онда инновациялық процестер жүреді.

«Инновация» ұғымын қарастырар болсақ, оған ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Мәселен, Э. Раджерс инновацияны былайша түсіндірген: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып көрінетін идея». Майлс «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын және шешімдерін күтеміз», — деген.

Әрбір білім беру орындарында қазіргі таңда белең алып отырған кемшіліктер жетерлік, атап айтар болсақ: білім сапасының төмен болуы, білім саласына мемлекеттің тарапынан реформалар жүргізілгенмен оқудың нәтижесінің дұрыс болмауы, білім алушылардың өздігінен білім алуға құштарлығының болмауы, білім алушылар мен оқытушылардың бірлесіп отырып шығармашылық нәтижеге қол жеткізбеуі.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы — оқу-тәрбие ісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылығы мен талпынысын арт-

тырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылыққа бет бұрып, еңбек етуге жол ашу. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды [2].

Инновациялық-педагогикалық технологияларды теориялық зерттеулердің объектісі ретінде қолдануға мұғалімдерді тәрбиелеу үдерісі де жеткілікті түрде зерттелмеген, сондықтан интегралдық теория жоқ. Кәсіптік білім беруді жаңғыртуды ескере отырып, жұмыс берушілердің заманауи жоғары оқу орындарының түлектеріне қоятын талаптары, еңбек нарығындағы бәсекелестік, оқытудың сапалы жаңа технологияларын із-

деудің маңыздылығы және болашақ маман даярлау процесіне жаңа сипаттамалар беру.

Оқу ісін дамытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдану өте дұрыс деп ойлаймын. Өйткені қазір ақпараттық технологияның дамып өрістеп тұрған кезі. Қай жерге барсақта компьютермен жұмыс болсын басқа болсын кездестіреміз. Еліміздің болашағы жастардың қолында демекші, бізде бізден кейінгі ұрпақта осы технологияларды меңгере отырып, оны одан әрі тамытады деген сенімдеміз. Өз еліміздің жарқын болашағы үшін қолдан келгенді жасауымыз керек.

Әдебиет:

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. — 54–55 бб.
2. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — 67–68 бб.

## Студенттік шақтағы отбасылық өмірдің психологиясы

Кенжебек Аймереке Мұратбекқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогикалық ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Отбасы — бұл көптеген ғалымдардың пікірінше, қоғамға тұрақтылық беретін және жеке тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын қоғамның басты институттарының бірі. Отбасыны қалыптастырудың және оны қоғамдық бақылаудың дәстүрлі құралы — бұл неке. Қазіргі уақытта отбасы және неке институты өте жылдам қарқынмен өзгеріп келеді. Өйткені отбасы әлеуметтік институт ретінде өте бір маңызды функцияны атқарады, бұл ұрпақтарды жаңғырту. Бұл функцияны жүзеге асыратын негізгі әлеуметтік топ — студент жастар. Мұның себебі отбасылық өмірге және некеге дайындық тұрғысынан студенттердің сезімтал келетінімен байланысты. Ғалым Гилева тұжырымдағандай: «Отбасын құруға дайындық жастардың әлеуметтік жетілуі мен психикалық денсаулығының басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады» [1, 53 б.].

Қазіргі қоғамның дамуымен бірге жүретін әлеуметтік проблемалар отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерге елеулі өзгерістер әкелді. Мысалы қазіргі кезде салыстырмалы түрде некенің құндылығы туралы идеялар өзгерді, неке мен отбасылық қатынастардың балама түрлерін насихаттау өсті т.с.с. Бірақ бүгінгі Қазақстандық қоғамда жас отбасылар саны қаншалықты болса, ажырасу саны да соншалықты көп. Себебі эмоция мен сезім жетегінде отбасын құру туралы шешім қабылдайтын студент жастар отбасылық өмірге дайын болмай жатады. Сондықтан қазіргі жағдайда жастарды қоғамның негізгі бірлігі ретінде неке мен отбасына дайындау ерекше мәнге ие. Себебі неке мінез-құлқының негізін құрайтын негізгі дағдыларды әрбір студент игеру қажет.

Отбасы, кез келген әлеуметтік институт сияқты, үнемі даму және әр түрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлардың әсерін сезіну үдерістерін қамтамасыз етеді. Сондықтан қазіргі уақытта білім беру мекемелерінің алдында

тұрған маңызды міндеттердің бірі — жастарды тәуелсіз еңбек ету және отбасылық өмірге дайындау. Алайда Қазақстанда орта мектептерде де, жоғары оқу орындарында да отбасылық өмірге дайындық шаралары атқарылмайды. Демек, бұл процесс толықтай студент жастардың құзіретінде қалады. Әрине, «Батыс өмір салтын» насихаттайтын қазіргі идеология қазақ халқының дәстүрлеріне, ұлттық құндылықтарға, оның ішінде отбасылық құндылықтарға жойқын соққы береді. Отбасы мен отбасылық өмірдің құндылығы күмән тудырады, еркін махаббат, жауапсыздық, кездейсоқ байланыстар қазіргі қоғамда өте жиі кездесуде. Мұның бәрі жастардың психикасына әсер етеді, олардың отбасы мен отбасылық өмір туралы идеяларын бұзады, бұл ажырасулар санының күрт артуына, ата-анасының бірінсіз өмір сүретін балалардың көбеюіне әкеледі. Қазіргі уақытта жүргізілген арнайы зерттеулер жас отбасының қиындықтары көбінесе жастардың отбасылық өмірге дайын болмауының салдары екенін көрсетеді. Яғни, отбасылық өмір ең алдымен психологиялық дайындықты қажет ететіні белгілі. Көптеген ғалымдар психологиялық дайындықты эмоционалды принциптің, танымдық білімнің, сенім мен мінез-құлық актілерінің бірлігі ретінде қарастырады. Олар психологиялық дайындық құрылымына мотивациялық, бағдарлау, операциялық, ерікті және бағалау компоненттерін қосады. Менің ойымша да отбасын құру — жауапты іс-әрекет. Ал әр іс-әрекеттің ерекше екенін ескерсек, сондықтан некеге психологиялық дайындық құрылымы тек мазмұны бойынша ғана емес, сонымен қатар оның құрамдас бөліктерінің құрылымы бойынша да жүзеге асырылуы керек деп ойлаймын [2, 198 б.].

Студенттердің жас кезінде отбасын құруына эмоция мен сезімнен басқа да факторлар әсер ететіні анық. Бұл тұлға психологиясымен тығыз байланысты. Көпшілік жағдайда отбасын

ерте құруға жастардың балалық шағындағы әсерлері мен отбасылық тәрбиелері, мінсіз ата-ана болу арманы т.б әсер етеді.

Әрбір отбасындағы сүйіспеншілікті бағалаудағы айырмашылықтар көбінесе неке алдындағы және отбасылық өмір процесінде сезімдер туралы түсініктерді дұрыс түсінбеуден туындайтынын атап өткен жөн. Қазіргі психология некенің мазмұны махаббатпен, бақытпен, яғни адамдардың үйленіп, бірге тұруымен шектелмейтінін айтады. Некеде ерлі-зайыптылар бірден бір-біріне және өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу кезінде қиындықтарға тап болады. Студенттер арасында құрылған отбасылардың ыдырауына да осындай қиындықтар себеп болады. Ересек адамдардан айырмашылығы — студент жастардың уақытша процесстерді қателік деп есептеп, одан құтылудың жолын іздестіретіндерінде. Оның үстіне, психоло-

гиялық жас ерекшеліктеріне сәйкес студенттерде некеден өзге де стресстік жағдайлар жиі болады. Стресске төзімділік деңгейіне қарай ерлі-зайыптылардың әрекеттері қалыптасады. Олар сол уақытқа дейінгі тәжірибелеріне сүйеніп қана шешім қабылдайды. Міне, студенттік өмірдегі отбасы психологиясының басты қиындығы осында.

Демек, студенттік шақта отбасын құру — психологиялық төзімділік пен білімді қажет ететін маңызды қадам. Жастардың бірін-бірі тануы мен түсінуінен бөлек, жеке жауапкершілік қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктері де отбасылық өмірде үлкен маңызға ие. Ең бастысы, өтпелі психологиялық қиындықтардан өткен студент ерлі-зайыптылар кейінгі дағдарыстарға төзімді болады әрі берік некенің, бақытты отбасының үлгісін көрсете алады.

Әдебиет:

1. Гилева И. О. Проявление мотивационной готовности к созданию семьи у студентов // Прикладная психология. — 2001. — № 3. — С. 92–96.
2. Голофаст В. Социология семьи. Статьи разных лет. — СПб.: Алетейя, 2006. — С. 198–216.

## Жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану

Қуандықова Айнұр Алмасқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Серікбаева, педагогика ғылымдарының магистрі  
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

**И**нновация — (латынның «innovation» сөзінен — жаңашылдық, өзгеріс, жаңарту) жүйені бір күйден екінші күйге өзгертуге әкелетін жаңа элементтерді енгізу ортасына мақсатты өзгеріс енгізе отырып, жаңасын жасау, игеру, пайдалану және тарату жөніндегі қызмет (шет тілдерінің қазіргі сөздігі). Педагогикалық инновация — бұл жаңа білім беру тәжірибесін құрумен байланысты мектептің даму процесстерін зерттейтін ғылыми білімнің ерекше саласы.

Біздің республикамыз білім сапасын арттыру бойынша жоғары мақсаттар қойды. Осы мақсатқа жету үшін біздің елімізге кадрлар даярлаудың сапасын дамыған елдер деңгейіне дейін көтеру қажет. Білім берудің мақсаты — шығармашылық қызметкерлерді даярлау, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық құрамының сапасын арттыру. Бәсекеге қабілетті маманға кәсіби ғана емес, жеке ерекшеліктері де кіреді. Педагогикалық процесті заманауи білім беру жетістіктеріне мүмкіндігінше жақындату үшін мұғалім өзінің білімін жүйелі түрде кеңейту керек. Ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысуы, педагогикалық процеске жаңа инновациялық әдістер мен тәсілдерді енгізуі қажет. Білім беру саласындағы инновацияларды енгізу қарқыны бойынша Қазақстан алдыңғы қатарда. Қазіргі кезде инновациялық педагогикалық іс-әрекет кез келген оқу орнының оқу қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Инновациялық технологияларды қолдану баланы өз бетінше ойлау жұмысына, ізденімпаздық пен шығармашылыққа ынталандырады. Бұл сізге балалармен тиімді

жұмыс істеуге, сабақты эмоционалды жарқын етуге, бүкіл инновациялық технологияларды пайдалану процесінде сыни ойлау бағдарламасы студенттердің тақырып бойынша болжам жасауға, мақсаттар қоюға, сұрақтар қоюға және жауаптар алуға, сондай-ақ мазмұнын толық түсінуге жағдай жасайды. Бұл бағдарлама оқытушылар мен студенттердің алдына міндеттер қояды. Осы тапсырмаларды орындау үшін мұғалім өз пәні мен сабағы арасында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады, топқа психологиялық жайлылық жасауға мүмкіндік береді [1].

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» — деген. Ал осы сапалы білімді ұрпақ бойына сіңірту — ұстаз қауымының тікелей міндеті. Жаңа тұрпатты мұғалім өз мамандығына қажетті кәсіптік дағдыны, педагогикалық қабілетті жетік меңгерген, үнемі жаңаға ұмтылатын, рухани дамыған шығармашыл тұлға [2].

Инновациялық оқытудың негізінде 7 модуль бар:

- оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер;
- оқытудағы басқару мен көшбасшылық;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- талантты және дарындыларды оқыту;
- жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;
- білім беру мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- оқуды бағалау [3].



Педагогикалық технология — педагогикалық қолданбалы сипаты бар, бүтіндей алғанда, жалпы дидактика мен педагогиканың практикалық жалғасы. Педагогикалық технологиялар саласындағы теориялық және практикалық ізденушілерді бір жерде топтастыру қызмет бағыттарын анықтайды. Бұндай іздеу шеберлігі педагогикалық тізімді, жаңалықты тудыратын элементтерді зерттеуден тұрады.

«Жаңа педагогикалық технология» терминологиялық фразасына тоқтала отырып, жер бетінде негізгі үш педагогикалық технология бар екенін білеміз: шығармашылық, эвристикалық, когнитивтік.

Жаңа білім беру технологияларын енгізудің қажетті шарты ретінде келесі әдіснамалық принциптерге ерекше назар аудару өте маңызды:

1. Мұғалімнің педагогикалық кәсіби қабілеттеріне сену принципі;

Әдебиет:

1. Өмірбаева К. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер.
2. Назарбаев Н. Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз атты Қазақстан халқына жолдауы.
3. Жусанбаева Г. М. Білім берудегі инновациялық технологиялар.
4. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.

2. Бастауыш сынып оқушысының кез-келген уақытта берілген пәнге дайындығының кепілдік қағидасы;

3. Білім беру үдерісін модульдік жобалау принципі;

4. Бастауыш мектептегі білім берудің шектеулері мен шектеулерін алып тастайтын бұрынғы дәстүрлі оқыту көздерін дұрыс арақатынаста үйлесімді пайдалану принципі [4].

Қорытындылай келе, білім беру процесіне технологияларды енгізу білім беруді қалыптастырудағы мақсаттардың қалыптасуына ықпал ететінін атап өткен жөн; моральдық-психикалық, психологиялық, медициналық, экологиялық көрсеткіштерге негізделген заманауи педагогикалық технологияларды талдау, сондай-ақ сараланған оқыту контекстінде олардың тиімділігін бағалау олардың негізінде педагогикалық технологиялардың перспективалық құралдарын құру, технологияландыру процестерін реттейтін барлық мемлекеттік білім беру бағдарламалары мен стандарттары негізінде осы процестерді басқару.

## Тұлғаның стресске төзімділігінің психологиялық алғышарттары

Құдайберген Дамир Берікұлы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогикалық ғылымдар магистрі  
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Тұлғаның стресске түсуі-жалпы тұлға ағзасы күнделікті бейқам жағдайда емес, басқа бір халде болады, және көптеген психолог ғалымдардың айтуы бойынша адамдар істеп жатқан нәрсесін дұрыс істемей кішкене күйзеліске түсіп қалады екен. Стресс дегеніміз не? Стресс-адам өмірінде кездесетін психологиялық ауыртпалық деп аталады. Ал, ғылыми түрде айтатын болсақ, сырттан келген күштерге адам ағзасының жауап беру реакциясы болып табылады. Мұндағы ескеретін жағдай-стресске әр адамның реакциясы әр түрлі болып келеді. Стресс терминін Ганс Селие атты ғалым енгізген және ең бірінші болып адам ағзасына сырттан келген ықпал қалай әсер ететінін зерттеген болатын. Қысым болған сәттерде адамның білдіретін реакциясын стресс деп атаған екен [1].

Ең қызығы бірінші адам күйзеліске немесе стресске түссе, оның қасында басқа бір екінші адам болса, бұл нәрсе оған әсер етеді екен. Әр адамда стресстің туындауының өзіндік себептері бар, дегенмен де психологтар осы себептерді былайша жүйелеп негізділерін бөліп көрсеткен: Біріншісі ол адамға ұнамайтын және мөлшерден тыс орындай алмайтын жауапкершілік, олар адамды шаршатады екен; екіншісі үнемі уақыттың жетіспеушілігі; үшіншісі ұйқының канбауы; төртіншісі отбасылық өмірдегі және әріптестер арасындағы конфликттер; бесіншісі күнделікті тіршілігіне қанағаттанбау; алтыншысы адамның

өз өзіне көңілі толмауы; жетіншісі жалғыздық сезімі жақын адамның достардың, қолдаушылардың болмауы және соңғы сегізінші, өз тұлғасына деген сыйластық пен өзіндік қолдауының болмауы. Осы аталғандардан бөлек стресс өмірдің қуанышты жағдайларында да болуы мүмкін [2].

Стресстен қалай шығуға болады және қазіргі таңдағы психология ғылымында стресстен шығудың қандай жолдары бар?

Бірінші әдіс: біздің ағзамыз стресстен қалай тиімді шығуға болатынын сезеді. Мысалы, тамақтану арқылы, біз тамақтанған сәтте миымыз бақыт гармонын бөледі. Сондықтан, адамдар стрессті көп тамақтану арқылы жеңгендей болады. Дегенмен, бұл әдісті көп қолдануға болмайды. Дұрыс тамақтануды әсте естен шығармауыңыз керек. Азық-түліктің арасында стресстен шығуға көмектесетіндері: шабдалы, жүзім, киви, банан, қызыл бұрыш, кариандр;

Екінші әдіс: мамандардың айтуынша, ағзадағы су мөлшері аз болуына байланысты. Сондықтанда, стресстен шығудың тағы бір жеңіл түрі қарапайым суды көп мөлшерде ішу. Жақын адамыңыз, досыңыз немесе құрбыңыз стресске түссе көп мөлшерде су ішуге кеңес етіңіз. Мұнда ескеретін жағдай кез-келген суды іше бермеу. Шөлді қандыратын тек таза ауыз суын қолдану қажет;

Үшінші әдіс: біздің ағзамыздың толыққанды ұйқыға деген қажеттілігін еске түсірейік! Қазіргі өмір сүру ырғағының жыл-

дамдығы соншалықты біздер сапалы ұйқы дегенді ұмыты бастағандаймыз. АҚШ ғалымдарының айтуынша, әр адамның ұйқыға деген қажеттілігі индивидуалды түрде болады. Дегенмен де, адам тәулігіне кем дегенде 7 сағат ұйықтау керек. Күнделікті ұйқының қанбауы адам денсаулығына жағымсыз әсер ететінін естен шығармауымыз керек;

Төртінші әдіс: жиі күлімсіреу. Мамандардың айтуынша, адамның көңіл күйі болмай тұрса да, бет бұлшық етінің жұмысы генетикалық тұрғыда кері байланыс жасау арқылы біздің көңіл күйімізді көтереді екен. Адамдардың стресс жағдайына түсіп қалуының бірден-бір себебі, қасындағы адамдардың оның асықтыруы екен;

Бесінші әдіс: кейбір психологтардың ұсынысы бойынша өз мәселелерімізді жағып жіберуіміз керек, яғни өртеп жіберуіміз керек. Өз клиенттеріне барлық жағымсыз сезімдерімен уайымдарын ұсақ түйегіне дейін жазуға кеңес береді. Барлық жағымсыз ойларыңызды қағаз бетіне түсіргеннен кейін оны жыртып тастауға немесе өртеуге де болады;

Алтыншы әдіс: Жапондық ғалымдардың ұстанымы бойынша, іштегі жағымсыз эмоцияларды физикалық жаттығулар арқылы шығарып жіберуге болады. Физикалық жаттығу кезінде

Әдебиет:

1. Щербатых.Г. Психология стресса.— С. 23–26.
2. Щербатых.Ю. Психология стресса и методы коррекции.— С. 89–88.

## Студент тұлғасының ерекшеліктері

Манасова Тоғжан Алмасқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Студент — жеке тұлға. Яғни, барлық адамдар секілді студент те өзіндік «менімен» өзгелерден ерекшеленетін қоғам өкілі. Әлеуметтану бойынша студент не ересектерге жатпайтын, не балаларға жатпайтын орта топ, не өтпелі кезеңнің өкілі болса, психологияда ол ең алдымен — тұлға.

Гуманистік психолог К. Роджерстің тұлғалық теориясы бойынша, «Мен» құрамдастарының арасындағы мән неғұрлым жақындасқан сайын, соғұрлым өзіндік бағалау жоғары болады [1, 58 б.]. Ол өзіндік сана мен өзіндік бағалауды тұлға құрылымында орталық буынға жатқызды. Яғни, өзіндік бағалау тұлғаның әлеуметтік ортада бағдарлануын және ішкі талаптар мен сыртқы жағдайлардың келісімділігін қамтамасыз етеді. Тұлғаның психикалық тұтастығының маңызды жағдайларының бірі өзіндік бағалаудағы тәжірибе күшімен бұрын қалыптасқан құндылықтар жүйесін өзгертуге бейімділігі деп қарастырды. Бірақ, К. Роджерс идеалды және шынайы «Мендерді» арақатынасын жасайтын жалғыз фактор деп есептей отырып, тұлға ортасын және тұлғааралық қарым-қатынас рөлін асыра бағалайды. Осы орайда, автор өз зерттеулерінде тұлғаның өзіндік санасы қалыптасуындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың рөлін ескермейді.

қан айналымы жыладамдап өзіңізді еркін сезінесіз. Стресспен күресу де ең пайдалы жаттығу ретінде суда жүзу, теннис, жүгіру және аэробикамен айналысу. Сонымен қатар, дұрыс тыныс алу жаттығуларында байқап көрген дұрыс. Тынысты қалыпқа келтіру арқылы өзіңізді де тыныстандыра аласыз;

Жетінші әдіс: Германия ғалымдарының кеңесі бойынша, стрессті қатырып тастау керек деседі. Осы елдің мамандары адам ағзасындағы қысымды қарапайым салқындық кетіре алатынын атап өткен. Сіз қатты уайымдайтын жағдай болған кезде дереу сыртқа шығып, таза ауамен тыныстаңыз;

Сегізінші әдіс: стресстен шығудың ең маңызды және пайдалы әдістерінің бірі біздегі рухани тәжірибеміздің болуы.

Адамға аздаған стресстік қобалжуылай қарағанда миға қозғау салады. Ал күшті стресстер адамның еңсесін түсіріп, депрессияға дейін апарды. Стресстің туындауы мен табиғаты өзінше бір зерттеуге тұрарлық жағдай. Уайым кезінде өз ағзамыздың ішкі күйіне мән берер болсақ, онда психологиялық және физиологиялық өзгерістерді аңғаруға болады. Сондықтанда, өмірімізде қандай жағдай болмасын, жеңіл қабылдауға тырысу керек.

Сонымен, студенттік кезең адамның негізгі социогендік потенциалын дамытудың сезімтал шақтарының бірі. Себебі, жоғары білім адамның психикасына, оның тұлға ретінде дамуына үлкен әсер етеді. Жоғары оқу орындарында оқу кезінде қолайлы жағдайлар болған кезде студенттер тұлғалық психиканың барлық деңгейлерін дамытады. Олар өздерін қоршаған адамдардың ақыл-ойының бағытын анықтайды, сонымен қатар, өздерінің кәсіби бағытын сипаттайтын ойлау қабілетін қалыптастырады.

«Студент» термині латын тілінен шыққан сөз. Қазақ тіліне аударғанда термин «білім алушы, еңбек етуші» деген мағынаны білдіреді. Осы аудармасына қарап та, студенттің негізгі қызметі оқумен қатар жұмыс істеп, тәжірибе жинау екенін түсінуге болады.

Ал студент тұлғасының қандай ерекшеліктері бар? Студент белгілі бір жастағы адам ретінде және жеке тұлға ретінде үш жағынан сипатталуы мүмкін:

Біріншіден, психологиялық процестердің, күйлер мен жеке қасиеттердің бірлігін білдіретін психологиялық аспект бойынша, ол—дамушы тұлға. Бұл аспект бойынша бастысы—психикалық процестердің бағыты, психикалық күйлердің пайда

болуы, психикалық формациялардың көрінісі негізге алынатын психикалық қасиеттер (бағдарлау, темперамент, мінез, қабілеттер) [2, 186 б.]. Алайда, аталған ерекшеліктердің барлық студенттердің бойынан бірдей деңгейде табыла бермейтінін, әр адамның ерекшеліктерін, оның психикалық процестері мен жағдайларын ескеру қажет.

Екіншіден, әлеуметтік қатынастар тұрғысынан студенттер белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлтқа жатады. Осының нәтижесінде студенттік тағы да тұлғалық қасиеттері пайда болады. Мәселен, тұрмыс жағдайы екі түрлі студент бір-бірінен тұлғалық жағынан ерекшеленіп тұрады. Сол секілді екі бөлек ұлтқа жататын, екі бөлек дінді ұстанатын студенттерде де тұлғалық айырмашылықтар болады.

Үшіншіден, жоғары жүйке түрін қамтитын биологиялыққызымет тұрғысынан студент-ағза. Студент тұлғасына сәйкесінше анализаторлардың құрылымы, шартсыз рефлексдер, инстинкттер, физикалық күш, физика, бет әлпеті, тері түсі, көз, өсужәне т.б. процесстер әсер етеді. Бұл биологиялық аспект негізінен тұқым қуалаушылық пен туа біткен бейімділікпен алдын-ала анықталған болады, бірақ белгілі бір шектерде өмір сүру жағдайларының әсерінен өзгеруі де мүмкін.

Аталған аспектілер бойынша қарастыру студентке тән қасиеттер мен мүмкіндіктерді, оның жас және жеке ерекшеліктерін ашады. Демек, егер сіз студентке белгілі бір жастағы тұлға

ретінде жақындасаңыз, онда ол қарапайым, аралас және ауызша сигналдарға реакциялардың жасырын кезеңінің ең аз мөндерімен сипатталады. Сонымен қатар, стуженттеің бойында анализаторлардың абсолютті және айырмашылық сезімталдығының оптимумы, күрделі психомоторлық және басқа дағдыларды қалыптастырудағы ең үлкен икемділік байқалады.

Студенттік кезеңде тұлғада өз бетінше өмір сүруге дайындық жүреді, құндылықтардың, әлемге көзқарастың қалыптасуы, мамандық таңдау, сондай-ақ қоғамдағы өз орнын анықтау процесстері әртүрлі жылдамдықта жүзеге аса бастайды. Аталған әлеуметтік-тұлғалық факторлар әсерінен жастардың қоршаған адамдармен қарымқатынас жүйесі қалыптасады, өзіне декеқатынасы өзгереді. Осы кезде қалыптасқан әлеуметтік позициясынасәйкес оның мектепке, қоғамдық маңызды жұмыстарға, оқу әрекетіне деген көзқарасы өзгереді, болашақ мамандығы, қызығушылықтары және жүріс-тұрыс мотиві арасында өзара байланыс орнайды.

Студент тұлғасының дамуы болашақ жоғары білімді маман ретінде бірқатар бағыттарда жүреді. Оның психологиялық, әлеуметтік, биологиялық т.б. ерекшеліктері бар. Студенттің жеке тұлға ретінде психологиялық дамуы — бұл қарама-қайшылықтардың пайда болуы мен шешілуінің, сыртқы көріністің ішкі, өзін-өзі тәрбиелеудің, өз бетімен белсенді жұмыс істеудің диалектикалық процесі.

Әдебиет:

1. Роджерс К. Несколько важных открытий // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология.— С. 58–65.
2. Рубенштейн С. Л. Человек и мир. Проблемы общей психологии.— С. 24.

## Педагогикалық ЖОО студентінің имиджі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көрінісі ретінде

Омарова Аружан Қайратқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елімізде білім беру жүйесі үнемі басты назарда. Болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының орны ерекше екендігін айтқым келеді. Бүгінгі күнгі студенттер, ертеңгі күнгі үлкен маман иесі атанып, ел дамуы жолында ат салыспақ. Сондықтан оларға қойылатын талап та ерекше. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет» [1],— деп атап көрсетті.

Бұл талаптарға сай болу үшін, студенттердің барлық жағынан үздік болуына аса мән бергеніміз жөн. Әсіресе, болашақ педагогтар алдағы уақытта ұрпақты тәрбиелейтін, ұстаздық жолда қызмет ететін тұлғалар болатындықтан, тек білімді болып қана қоймай, сонымен қатар сыртқы түр-келбеті, мінез-құлқы да

соған сай болуы тиіс. Ол ғылымда имидж атауымен көпшілікке таныс.

Жалпы, имидж ағылшынның «image» сөзінен алынған, «образ», «түр», «келбет» сөздерінен шыққан. Өз имиджін қандағалау бұл адамды өзіне қарату. Бірнеше мағынасы бар «имидж» ұғымының өзіне қарағанда «педагог имиджі» бір мағынада анықталатын өзекті тақырып болып саналады [2, 115 б.].

Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің имиджі де үнемі басшылыққа алынуы тиіс. Себебі олар қазірден қалыптасқан қағиданы болашақта жүзеге асырып, дағдыға айналдыруы мүмкін. Сондықтан студенттер ұстаздық ұстанымды қалыптастыру барысында киіну әдебі мен мінез-құлқына сараптама жасаулары тиіс.

А.Ю. Панасюк «қазіргі таңдағы педагог имиджінің» моделінде ақпараттың мынадай блоктарын бөліп көрсетеді: габитарлы (латынның «габитус» сөзінен — «сыртқы түрі») — киімі,

шаш үлгісі, макияж, аяқ киім, парфюм; кинетикалық — мүсіні, жүрісі, дене қимылы, мимикасы; сөйлеуі — жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеті, сауаттылығы, стилі, жазуы; орта — адамның өзі қалыптастырған өмір сүру ортасы; затқа айналдыру — адам еңбегінің өнімдері. Алғашқы үшеуі жеке қарым-қатынаста байқалады, соңғы екеуі — адам туралы сырттай ақпарат береді. Олар біріге отырып, адам туралы тұлға ретінде және кәсіпқой ретінде [3, 7 б.].

Болашақ мамандардың киіну әдебіне мән беруіміздің себебі, ұстаз оқушылардың назарын өзіне аударатын, ашық-шашық образға орын бермеуі керек. Бұл өзіне және жұмысына деген құрметтің артуына себеп болады. Сонымен қатар, мұғалімнің киіну әдебі барысында қою түстерге де жол бермеуін қадағалау қажет. Бұл шәкірттердің назарын өзге нысанға аудартып, ойын бөледі. Педагогтар денесіне қатты жабыспайтын киімдерді таңдап, өздерінің сырт келбетіне жіті мән бергені дұрыс.

Бұл әдеттердің бәрі ұстаздарға тән құбылыс болғанымен, студенттерге бұл дағдылар білім ордасында берілуі қажет. Жоғары оқу орынында тәрбиеленіп жүрген жеткіншектердің өздеріне тән стилі, ұнамды имиджі, түрлі қылықтары болады. Кез келген адамның таңдауына құрмет көрсету қоғамның басты мақсаты. Дегенмен, енді ғана оң-солын танып келе жатқан студенттердің оғаш қылықтарына да көз жұма қарап, үндемей қою да жарамайды. Әсіресе, педагогикалық салада білімдерін толықтырып жүрген жандардың тәрбиесі қашан да жіті назарда болуы шарт.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Пидкасистый П. И. Педагогика: педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқу құралы. — 56 б.
3. Калюжный А. А. Формирование имиджа учителя. — С. 177.

## Студенттердің психологиялық және педагогикалық даму ерекшеліктері

Пірмахан Аружан Әбілтайқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогикалық ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

XXI ғасырда Қазақстан дамыған, зайырлы мемлекет. Жаңалыққа толы жаңашыл кезең яғни, ақпараттық ғасырдың студенттерінің педагогикалық және психологиялық негізінде кез келген білім жағынан жаңартылған білім жүйесі арқылы және тағы да басқа әлеуметтік желілер, білім жүйесін дамытуға арналған керемет мүмкіндіктерді арқасында бүгінде сапалы білім берілуде. Жас мамандардың осы мүмкіндіктер арқылы кәсіби іскер белсенділігіне, жоғары деңгейдегі білімділігіне, қоғам мәдениетіне, ал негізгісін айтқанда білім мен тікелей көзқарасқа тікелей ықпал етеді. Сондықтан да келешек маман иесінің ақпараттық білім мен педагогикалық және психологиялық ерекшелігінің қалыптастыруы мен негізгі оқу және тәрбие үрдісінің маңыздырақ болуын қадағалау арқылы жүргізіледі.

Мектепте арнайы формаға, белгілі бір тәртіпке бағынған балалар, жоғары оқу орнына түскеннен кейін, өздеріне берілген еркіндікті өзгеше сипатта пайдаланып, белгілі бір жүйеге бағынудан бас тартулары да ғажап емес. Әлбетте, мектеп пен университеттің айырмашылығы бар екендігі айтпаса да түсінікті, алайда бұл ойларына не келсе соны істеуге болады деген сөз емес. Жоғары оқу орнының да өзіне тән тәртібі, бекіткен ережелері, ұстаздар тарапынан бақылау орнатылуы қажет.

Жалпы, жоғары оқу орындарында педагогика саласында білім алып жүрген жеткіншектердің имиджі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көрініс ретінде сипат табады. Кез келген мемлекеттің жастарына қарап, болашақ туралы ой түйе болады. Себебі, алдағы уақытта ел тізгінін өз қолдарына алып, жетекшілік ететін бірден-бір жан, ол — қазіргі жастар. Сондықтан ұлт болашағы ыдырамау үшін қаймағы бұзылмаған қазақ халқының құндылықтарын ұрпаққа сабақтастық ретінде қалдыру мәселесі, бүгінгі жастардың жағдайына назар аударуды қажет етеді. Бұл тек студенттердің өздеріне ғана емес, болашақ ұлт үшін де өте маңызды. Себебі, олар келешекте ұрпақ тәрбиелейтін, бойларындағы дағдыларын шәкірттердің бойына сіңіретін, тәрбие нәрімен сусындататын ұстазға айналады. Сондықтан, олар өздеріне тән, үлгі боларлық имидж қалыптастырып, игі қасиеттерді бойларына сіңіре отыра, рухани жағынан болсын, сырт келбетімен де көз тойтындай тұлғаға айналуы тиіс.

Қазіргі таңда, егеменді еліміздің келешегі — жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Жоғары білімді, жан-жақты қасиетті ұрпақ еліміздің құны жетпес байлығы. Қазіргі кезде психология, педагогика мамандардың ең негізгі мәселелерінің бірі және бірегейі жеке тұлғаларды бағыттауда, жан-жақты терең дамытуда, ғылымның керемет мүмкіндіктерін қолданып, шығармашылыққа қабілетті, дүниеге деген ой-өрісі кең, жеке тұлғаны рухани даярлау [1].

Студенттер дегеніміз жоғары білім қоры бар, негізгі оқу орындарында білім алып жүрген азамат пен азаматшалардың бірі және бірегейі деп айтуға болады. Бұл жалпы кәсіби тәжірибесінің тарихта пайда болуын 6–7 ғасырлар төңірегінде ең алғашқы университеттердің ашылуымен байланысты болды.



Студенттердің жалпы іс-әрекеті білім алу, яғни мақсатты түрде жүйелі оқу ментиянақты білім алуға ұмтылуы.

Студенттік даму кезеңі жас маманның керемет шағы. Бұл шақта тұлға өміріндегі кез келген өзгерістермен айқындалады. Өмірдің осы шақта физиологиялық даму үдерісі аяқталады бастайды. Жеке тұлғаның өз ортасында белгілі бір дәрежесін иеленеді. Осы кездегі жас мамандардың негізгі мәселелерінің бірі — өзінің ойлау қабілеті мен жеке тұлға ретінде дамуын айтуға болады.

Даму үдерісі нақты тиянақтылықты қажет ететін процесс болып саналады. Жеке тұлғаның өмірінде негізгі бір дамулық заңдылықтар жиынтығы қалыптасқан. Жеке тұлғаның даму үдерісін айтатын болсам, ол «үдеріс» латын сөзінен аударғанда ұмтылыс дегенді білдіреді.

Келешек маман иесі жеке тұлға ретінде қалыптасуын ең алдымен — сыртқы қоршаған қоғам мен сананың, жеке тұлғаның күнделікті қозғалыс тіршілігінің барлығына хабары болуы шарт. Дүниеге көзқарас ғылыми және әсемдік, құқықтық, саяси көзқарастар, діни көзқарастар болуы ықтимал. «Дүниеге көзқарас — жеке тұлғаның табиғат негізінде жалпы қоғамдық өмір жайында білімдерінің жиынтығы. Жеке тұлғаның келешекке қойған мақсатының нақты болуы, дүниеге көзқарастан бастауы мен өмірмен ұштастыруымен және құштарлықтан туады. Дүниеге көзқарас жеке тұлғаның табиғи және кез-келген мәселелердің шешу жолдарын нұсқау, ақыл түйіні» [2], — деп байланыстырады З. Серікқалиұлы. Сондықтан, дүниеге көзқарасты нақты анықтау үшін, негізгі құрылысын талдап өтетін болсам:

1. Ғылыми-ағартушылық — ғылыми дүниеге көзқарас жеке тұлға үшін қоршаған орта мен сыртқы әлемін айқындауда жалпы ағартушылық ой — сананы қалыптастырады.

Әдебиет:

1. Эльконин Д. Б. Дамыта оқытудың психологиялық шарттары. — 210 б., 225 б.
2. Жарықбаев Қ. Б. Психология. — 325 б., 333 б.
3. Тәжібаев Т. Т. Абай жастарды тәрбиелеу. — 156 б., 166 б.

## Жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылық әлеуетін дамыту

Сатаева Дамира Пулатбекқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Бүгінгі күні қоғамда белең алып жатқан әлеуметтік-экономикалық және мәдени сфералардағы өзгерістер мұғалім тұлғасына қатаң талаптар орнатуда. Футурологтар мектептік білімнің көкейкесті мәселелерін шешу үшін біліктілігі жоғары, педагогикалық салада және өзінің пәні бойынша жоғары құзиреттіліктерге ие, шығармашылық өнімді еңбекке қабілетті, педагогикалық еңбектің шебер мұғалімдері керек деп болжам жасады.

Білім беру жүйесінде басты тұлға — педагог болып есептеледі. Сол педагогтың мәртебесін жоғарылату, абыройын көтеру — көп қырлы үдеріс. Педагог — жалпы білім беретін мек-

2. Маман ретінде даму барысында тәрбиелік мәні қарастырылған көзқарастар мен күтілген нәтижесі жеке тұлғадан шынайылыққа негізделген еркін шығармашылыққа бастауларымен эстетикалық байланыстыруды қажет етеді, маманды дамытушы — дүниеге сенімді түрде қабылдау, мәні мен мазмұнын игеру арқылы, ішкі және сыртқы рухани іс-әрекеттер нақтырақ ойларға жауапкершілікпен әрекет етуге үйретеді.

3. Маманның ұйымдастырушылық қабілеті жеке тұлғаның тәжірибелік қозғалыс барысындағы деңгейі болып саналады.

Қорытындылайтын болсам, психология мен педагогиканың қозғалыс теориясы таным мен білім негізінен қызығу барысындағы ұғымдар жүйесінің өзара байланысы деп айтуға болады [3]. Студенттердің педагогикалық және психологиялық даму ерекшеліктері сүйене жүргізе отырып, студенттердің білімі мен жалпы тәрбиелік тәжірибесінің ең негізгі дамыту және нақты бекіту сатыларын салыстыру кезеңінде танымдық құштарлықтары мен білім тұрғысынан деңгейлерінің дамығаны байқалады. Сондықтан педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерінің даму ерекшеліктері: ұмтылыс, ықпал ету, құштарлық, мақсат қою, ынтасы мен ықыласы және тағыда басқа қабілеттердің танымдықтың негізін құрайтын жиынтық болып табылады. Яғни, студенттердің педагогикалық және психологиялық даму ерекшеліктерін қалыптастыру кезінде ілгері еңбектенудің жолдарына тоқталатын болсам: тынбай еңбектену, өзінің мамандығына машықтану, өзін-өзі басқару, өзін-өзі даярлау, үнемі өзін білімге құштарлығын ояту. Міне, осы қасиеттер студент бойында болса демек, студенттің педагогикалық және психологиялық даму ерекшеліктері қалыптасуда деп айтуға болады.

тептегі бір немесе бірнеше пәннен беретін маман иесін атайды. Бүгінгі заман талабына сай педагогтарға қойылатын талап өте зор. Ол рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр — сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы керек. Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қызыметті атқаруға дайындығын сипаттайды [1].

А. С. Макаренконың айтуы бойынша, педагогикалық шеберлік тек аса дарынды адамдардың ғана қасиеті болып табыл-

майды. Кәсіби-педагогикалық шеберлікті қалыптастыру процесін жоғарылату тек болашақ мұғалімнің өз мамандығына дұрыс тандау жасай білуі, сондай ақ педагогикалық жұмысқа қабылдау кезінде болашақ мұғалімдерді ғылыми негізді түрде іріктеу, болашақ мұғалімдердің қажетті білімдерді, педагогикалық қызметке деген қабілеттіліктердің болуы мен осы қызметке дайындық деңгейіне, кәсіби маңызы бар қасиеттердің болуы шарт.

Педагогикалық шеберліктің құрамында аса маңыздысы мұғалімнің кәсіби жарамдылығы болып саналады, өйткені оның негізінде ғана педагогикалық кәсіптіліктің жоғары деңгейі қалыптасып, дами алады. И. Ф. Харламов кәсіби жарамдылықтың мәнін былай түсіндіреді: «Бұл мұғалімнің еңбегінің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған физикалық, жүйкелік-психикалық және ар-ождандық қасиеттері мен қабілеттіліктерінің қажетті кешені». Харламовтың көзқарасы бойынша, мұғалімнің кәсіби жарамдылығы физикалық және жүйкелік денсаулықтың, жақсы сөйлей білу мәнерінің, салмақты мінездің болуымен байланысты [1].

Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда ұстаздарға қойылған міндет зор. Мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы құндылықтары ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту, әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындатуда сапалы білім мен жоғары нәтижеге бағытталуға міндеттіміз.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттіліктері қатарын толықтырған И. А. Зязюн, М. С. Бургин, И. С. Дмитрик т.б. украиндық ғалымдар. Олар педагогикалық еңбек ету қабілеттілігін «жетістікті педагогикалық қызметтің индивидуалды-психологиялық алғышарты, мұғалімнің кәсіби өсуінің стимуляторы» ретінде түсіндірді. Олардың пайымдауы бойынша, аса маңызды педагогикалық қабілеттіліктерге мұғалім-

дердің басқа адамдармен диалогтық қатынастар орнатумен байланысты. Олар: коммуникативтілік (араласу қабілеті); кәсіби көріпкелдік, эмпативтілік (бақылай білу, адамдардың әлпеті мен әрекеттерінен олардың ішкі қобалжулары мен басқа адамдарға деген қатынасын анықтай білуі; басқа адамның психологиялық және физикалық ахуалын түсіне білуі, оған көңіл айта алуы, оның орнына өзін қоя білуі; мұғалім тұлғасының серпінділігі; эмоционалдық тұрақтылық (өзін өзі басқара алу, өз сезімдерін жұдырықта ұстай алуы және қажет болған жағдайда эмоцияларын жасыра білуі); педагогикалық оптимизм; шығармашылық пен креативтілік қабілеттері.

Осы айтылған қасиеттердің барлығы байланысты орнату және дамыту үшін қажет, ол педагогикалық шеберліктің критеріі бола тұра, оқу-тәрбие процесін нәтижелі жүзеге асыруға ықпалын тигізеді [2].

Педагогикалық техника — педагогикалық шеберлік құрамындағы маңыздыларының бірі де бірегейі болып табылады. Ю. П. Азаров айтуынша «қажетті тәрбиелеу нәтижесіне қол жеткізу үшін шебер-тәрбиеші қолданатын құралдардың жиынтығы; техника — бұл шеберліктің бір бөлшегі. Шеберлік педагог өзін қалай ұстайтындығында, дауысын қалай меңгеретіндігінде, қандай шектерде ашуын, қуанышын, күмәнін, талабын, сенімін көрсете алатындығында, ұжыммен және баламен қалай араласа алатындығында көрінеді» [3].

Қорыта айтқанда, әрбір болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттіліктері әр түрлі жолдармен қалыптасады. Оның серпінділігі мен қарқындылығы педагогикалық шеберліктің құрылымдық компонентінің маңызды сипаты болып табылады. Педагогикалық қабілеттіліктер дамуының мұндай сипаты кез келген педагогтың бойынан табыла бермейді, бұл оның кәсіби жарамдылығының болуы мен оның даму деңгейімен және мұғалім тұлғасының кәсіптік педагогикалық бағыттылығымен байланысты.

Әдебиет:

1. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. — 2003. — 183 с.
2. Основы педагогического мастерства: И. А. Зязюн, И. Ф. Кривонос, Н. Н. — 2009. — 302 с.
3. Азаров Ю. П. Чувство, техника, мастерство. — М.: Знание, 2002. — С. 32.

## Қазіргі мектептегі білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызметтің ерекшеліктері

Сахыбай Назерке Жолдасқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезеңде Қазақстанның отыз жылдығы тәуелсіз дамыған елдің педагогикалық-психологиялық бағытының өрлеуінің арқасында белсенді дамып жатыр. Тұлға ретінде қалыптасуы, педагогика мен психологияның өрлеуі-білім беру бағытында кәсіби бағдарламалық қажеттіліктерді өзгертуді қажет етеді, кез келген тұлғаның құқығын, кәсіби шеберлігін

жоғарлауымен қатар, оның адами қасиетінің белсенді түрін керек етеді. Әрине, тұлға деңгелерінің негізі білім саласында қалыптасуы: өмір сүруге деген талпынысы, адам мен қоғамдық ортаның ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Білім беру жүйесі ұрпақтан-ұрпаққа, қоғамда қалдырған тарихи мәдениеттің, білім беруде қоғамдық сананы рухани негіздей отырып,

қоғамда қабілетті маман иесі ретінде атсалысатын азаматтарды тәрбиелейді. Тәрбиенің басты өлшемі-тәрбиеден бастау алады және адами деңгейлерін түсіндіріп, өзінің іс-әрекетінде де дәлел ретінде көрсетеді [1].

Тәрбиелілік тұлғаның қасиетін бағалай алуымен, өз қолжетімділігін басқара алуымен, тұлғалармен жақсы тіл табыса алуымен сипатталады. Бірақ, өзінің салғырттығы арқылы өзінің жауапсыздығын мойындау мақсатында қарастырылған күрделі термин.

Тұлғалардың өзіндік қолжетімділігі оқушылардың тәрбиелік мәселелеріне аса көңіл бөліп, өзі үшін де, басқаның да өрлеуіне, өз қолжетімділігін қолдана бастауы қонымды жағдай қарастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеті — жасөспірімдерге ілім жеткізу арқылы адамгершілік құндылықтарының дамуына жағдай жасау. Кез келген білім процесінде көмек көрсететін маман ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болып өз жүйесін қарастырады. Білім беру жүйесі ұрпақтың кез келген жағынан дамуына, ең бірінші білімге деген құштарлығына көңіл бөледі. Бұл жағдайдағы негізгі мақсат ілім, ілім берушінің іс-әрекетін жоспарлау, тану және ойлау процесінің артықшылығын қарастыру болып табылады. Шежіре заңнамасында бүкіл әлемдік ілім алу процесіндегі оқушылардың, өзара белсенділігін көрсетуі, қасиеттерін байқап көруі неше түрлі іс-әрекетте қарастырады [2].

Мамандардың мотивациялық көмегінің өрлеуіне біздің заманымыздан бұрынғы көмек көрсететін мамандарының мотивациялық көмектердің біріктірілуі мен Уэльсте өткен жиынның нәтижесі көп септігі тигізді. Жиналыста мұғалім жиналысының көмегінің мақсаты мен ерекшелігі, әдісі мен қол ұшын созу негізі, мұғалімнің педагогикалық мәселесі, мұғалімнің психологиялық негіздерді оқыту және әдістемесінің мазмұндары ұсынылды.

АҚШ-та мектеп психологтерінің мұғалімдік конференциясы өткізілді.

Тұлғаның маманға жүгінетін мақсатының үш бағыты анықталды:

- Ең алғашқы бағыты, жалпы тәжірибені алатын балаларды сынама әдісінде байқау.
- Алғашқы бағыттан кейінгі бағыты, жалпы тәжірибені алатын нағыз оқу немесе мінез-құлық мәмілесі көп балаларға сипаттайды.

Әдебиет:

1. Ананьев Б. Г. Қазіргі адамзат ғылымының мәселелері туралы. — 250 б.
2. Дружинин В. П. Эксперименталды психология. — 360 б.
3. Галперин П. Я. Психология тарихы бойынша оқырман. — 460 б.

## Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі

Сейтжан Гүлзия Амангелдіқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Студенттік өзін-өзі басқару — бұл студенттердің бастама-сымен құрылған және әр түрлі қызмет салаларында әлеуетті дамытуға бағытталған тәрбие жұмысының бір түрі. Студенттің

• Ең соңғы бағыты, барлық балалар мен мектептегі мамандардың психологиялық өрлеу сынақтары арқылы психологиялық көмек ұсынылады. Бұл көмектің мақсаты психолог, оқушылардың ішкі жан дүниесін зерттеу сынақтарының шкалаларын айқындап, эксперимент өткізіп, екінші бағытының бастау алуы көзделді. Бастау алып болғаннан кейін бұл бағыт психологиялық және педагогикалық тұрғыда көптеген нәтижелерге жетті.

Көптеген қызметтегі мамандар дәл қазіргі уақытта психологиялық қызметтің жалпы іс-әрекеті ретінде тестілеу әдісін қарастырады.

Франция мектебіндегі психологиялық қызметтің тәжірибесі Альфред Биненің зерттеулерімен байланысты болды. Оның 1897 жылы бастауыш сыныптың психологиялық мәселелері жазылған еңбегі ұсынылды. Ол Францияның білім министрлігінен мектепте негізгі зерттеуі бойынша білім алмайтын балалардың мәселелерін шешуге рұқсат етіп, зерттеулерінің нәтижесін шығару арқылы ми қозғалысының дамуында ақауы бар оқушыларды табуы үшін, Бине-Симон тестінің пайда болуына себепкер болды. Нәтижесінде, дамуында ақауы бар оқушыларға арналған жалпы мектеп сыныптары ашылуда. 1908 жылы Францияда ең бірінші болып кәсіби мектептік психологиялық қызметі пайда болды [3].

Қорыта айтқанда, педагог-психолог қызметінің өзіндік артықшылықтары бар. Педагог-психолог оқушылардың психологиялық нәтижелеріне орай жұмыс істей отырып, оның тұлға ретінде өрлеуіне жанжақты көмек көрсетеді. Педагог-психолог бұл процеске ата-аналармен қатар мұғалімдерді де қарастырды. Сонымен қатар, оқушының тұлғалық өрлеуіне кедергі келтіретін мектеп және отбасы тәрбиесі процесінде қарсы келуге, тәрбие процесін өзгертуге шамасы бар. Осыдан кейін, Францияда мектеп психологтерінің қызметін қайта жалғастыру жобасы анықталып жекелеген тұлғаларға, топтарға және ұйымдарға бағытталған мектеп психологиялық қызметінің бірыңғай процесін өзгертілуі ұсынылды. Осы жүйенің негізгі міндеті — мектептің жетістіктерге қол жеткізе алмауын тоқтатып, оқушылардың педагогикалық оқуына және психологиялық бейімделуіне қарай балаларға көмектесу болды.

болашақ өміріне көмектесетін белсенді өмірлік ұстанымын, жауапкершілігін және басқа да қасиеттерін қалыптастыру студенттердің өзін-өзі басқаруының басты мақсаты болып табы-

лады. Студенттік өзін-өзі басқару функциялары студенттердің қарым-қатынасқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өз қызығушылықтарын қорғауға және жеке мақсаттарына жетуге бағытталған. Студенттік өзін-өзі басқару жүйелік, мақсатты және тәуелсіз, бұл оны барлық басқа қызмет түрлерінен ажыратады.

Студенттік өзін-өзі басқару — бұл өз тағдырына бей-жай қарамайтын студенттердің бастамашыл, тәуелсіз, жауапты бірлескен қызметі. Студенттік өзін-өзі басқару студент жастардың өмірінің маңызды мәселелерін шешуге, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған студенттердің белсенді, тәуелсіз, жауапкершілікті әлеуметтік қызметінің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары студент жастардың әлеуметтік белсенділігі күрт өсті және бұл, ең алдымен, студенттердің өзін-өзі басқаруын дамытуда көрінді. Студенттік кезең — адамның жеке және кәсіби өсу уақыты. Студент кәсіби дағдыларды игере отырып, болашақта тек тар кәсіби мағынада жұмыс істеп қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі қызмет түрлерімен ойдағыдай айналысуға, идеялық әлеуетке ие, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа дайын болуы керек. Студент әлеуметтік белсенді тұлға ретінде қалыптасып, университетті бітірген кезде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болады. Әлеуметтену жеке тұлғаны әр түрлі әлеуметтік шығармашылық қызметке қоспайынша мүмкін емес.

Студенттік өзін-өзі басқарудың маңыздылығын түсіну үшін студенттердің немесе жастардың анықтамаларын социологиялық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастырған жөн. Ең алдымен әлеуметтік-мәдени саладан бастасақ, И. Васенина: «Студенттік ұжым дегеніміз — бәсекеге қабілетті ортаға бейімделуге және жаңа нәрселерге ашықтықты көрсететін жастардың серпінді тобы» [1],— деді. Социологиялық еңбектерді талдауда Е.Е. Гришина қоғамның болашағы оқушылардың дамуы мен әлеуметтенуіне байланысты екенін көрсетті. Студенттік ұжым қоғамда шешуші орын алады. Ол студент жастарды қоғамның жағымды болашағына бағдарланумен сипатталатын қоғамдағы маңызды әлеуметтік функцияларды орындауға дайындалып жатқан жас ұрпақтың нақты әлеуметтік және кәсіби тобы ретінде бөліп көрсетеді [2]. В.С. Мухина еңбе-

гінде психологиялық көзқарастың мысалы ретінде жасөспірім тұжырымдамасына сілтеме жасайды, бұл «жасөспірімнен кейінгі өмірге дейінгі кезең (жас шекаралары шартты — 15–16 мен 21–25 жас аралығында). Бұл адамның өзіне сенімсіз, бір-келкі емес жасөспірімнен, жетілгенмін деп, іс жүзінде өсіп келе жатқан кезеңінен өтуі мүмкін».

Студенттік өзін-өзі басқару жағдайы және оның даму деңгейі қоғамдағы жалпы демократиялық тенденциялардың деңгейіне, сондай-ақ мемлекет бұл бастаманың қоғамдық бастамаға назар аударуына байланысты.

Студенттік өзін-өзі басқарудың функциялары сонымен қатар білім беру үдерісін, жалпы білім беру мекемесінің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу болғандықтан, біз студенттердің өзін-өзі басқаруы туралы ғана емес, сонымен бірге бірлесіп басқару туралы да айта аламыз, бұл міндеттерді анағұрлым толық және тиімді орындау мақсатында білім беру мекемесін басқаруда екі тараптың — білім беру мекемесінің әкімшілігі мен студенттердің өзін-өзі басқарудың бір немесе бірнеше басқа органымен ұсынылған студенттер ұжымының өзара тығыз байланысы. білім беру мекемесіне қарайды [3].

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруіне бағытталған бағыт тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін анықтау және дамыту мәселесін көтереді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың талаптарына бағытталған болашақ мамандарды даярлауға байланысты студенттердің өзін-өзі басқаруын дамытудың жаңа идеяларын дамытуға бағытталған. Бұл жеке қасиеттердің белгілі бір жиынтығы: құзыреттілік, бастамашылық, коммуникативті дағдылар, төзімділік, шығармашылық, қабілет және ізгі ниет. Жоғары білім берудің ерекше рөлі кездейсоқ емес, өйткені интеллектуалды элита университеттерде қалыптасады, яғни қоғамның барлық салаларына шешуші ықпал ете алатын студенттер. Студент жастарды әлеуметтендіру үдерісінде маңызды рөл жастарға өздерінің тәуелсіздігі мен белсенділігін көрсетуге, коммуникация мен ұжымдық ынтымақтастық тәжірибесін жинақтап, жетілдіруге мүмкіндік беретін университеттердің қоғамдық бірлестіктеріне жүктелген.

Әдебиет:

1. Васенина И. В. Российское студенчество: вчера и сегодня.— С. 147–153.
2. Гришин Е. Е. Концепция понятия «Студенчество» в социологии.— С. 35–39.
3. Мухина В. Возрастная психология. Феноменология развития.— 2006.— С. 418.

## Жеке адам және өзін — өзі тәрбиелеу

Тастыбаева Аружан Бекнұрқызы, студент,  
Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі  
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

«Өзгермеймін деген адамды әкеліндерші алдыма»,— деп Хакім Абай айтқандай өзгермейтін адам жоқ. Тәрбие дегеніміз —

бірінші өзінен және өз үйінен басталады. Адам тәрбиесі жауапкершілікті қажет етеді және өте күрделі дүние. Адам жеке өзін тәр-



биелеу үшін, оның мақсатты белсенділігі, физикалық, әлеуметтік, рухани, коммуникативтік, интеллектуалдық және т.б. ынталары болу керек. Әрине, әр адам өз өмірінің субъектісі, өз алдына мақсат қою, оған жету және алдағы қиындықтарды жеңе білу [1].

Өзін-өзі тәрбиелеу — өзін құрметтейтін әрбір адамның өміріндегі ажырамас атрибут. Дені сау және табысты болу үшін дұрыс әдеттерді қалыптастыру керек. Зиянды әрекеттерден аулақ болып, таңертең жүгіру, жақсы кітаптар оқу, лайықты музыка тыңдау. Шынында да, мұндай маңызды мәселелерден өмір салты құралады.

Әлемде көптеген танымал адамдар: өзін-өзі тәрбиелеумен айналыспаса, соншалықты танымал болмас еді. Әрине, өзін-өзі тәрбиелеуде — түпкі мақсаты болуы шарт. Сіз өзіңіздің жолыңыздағы кедергілерді қайта-қайта жеңіп, сыртқы және ішкі жағынан жақсаруыңыз керек, сергіп жаттығуларымен айналысуыңыз керек, жаңа нәрсе ойлап табуыңыз керек, жаңа пайдалы таныстар жасауыңыз керек. Сонда ғана біз қалағандай өмір пайда болады.

Қазіргі таңда, әрбір адамға жеке дара болу мүмкіндігі берілген. Әр адам дара болуы тиіс. Бірақ таңдау еркіндігі кезінде адамдар алға ұмтылу туралы ұмытып кетеді, бұл көбінесе өзін-өзі тәрбиелеуге байланысты көптеген мәселелер туындап жатады. Адамдарда екі түрлі көзқарас болады, соның ішінде: өмірге бір нәрсеге қол жеткізгісі келетін және халықтың төменгі топтары арасында кедейлік пен надандықта өмір сүретін адам. Біздің әрқайсымыздың дамуға мүмкіндігіміз бар, тек алға басып, дамып, ізденісте болуымыз керек. Өйткені, өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі дамытумен де тығыз байланысты [2].

Өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз? Біріншіден, бұл әдептілікті, мейірімділікті, адалдықты, қайырымдылықты және т.б. дамыту және жетілдіру үшін саналы жұмыс жасау. Жақсы, білімді адам барлық жерде жетістікке жете алады және ол үшін жабық есіктер болмайды. Өзін-өзі тәрбиелеу ұғымы — кедергілерге қарамастан өзіне міндеттер қою және оларға жету қабілетін білдіреді. Сіздің сәтсіздіктеріңіздің себептерін талдай білу және олардан қорытынды жасау өте маңызды. Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеудің ажырамас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады. Тұтас, қызықты адам болу үшін сіз өзіңізді үнемі дамуға ұмтылуыңыз керек, өйткені ойлы адам әрқашан жаңа нәрсені үйренуге, көкжиегін кеңейтуге, өмірде жаңа мүмкіндіктер ашуға тырысады. Егер адам өзін-өзі тәрбиелеуде табысты болса, бұл оның жеке басы жеткілікті жетілген және ішкі нұсқауларға ие екенін білдіреді. Мұндай адамды бұзу өте қиын, ол кез-келген

өмірлік жағдайға тап болады және міндетті түрде шығудың жолын табады.

Бала кезінен балаларға ризашылық білдіруге, әлсіздерге көмектесуге, достарымен бөлісуге, үлкендерді құрметтеуге, адал жұмыс істеуге, шындықты айтуға және ересек адам ойланбастан жасауы керек жүздеген нәрселер үйрету керек. Сонда ғана балалар жақсы істері үшін қандай да бір сыйақы болатынын түсінеді және зиян келтіргені үшін жазаланатынын да түсінетін болады. Бірақ егер ата-ана балалық шақта жеке тұлғаны тәрбиелесе, онда ересек адам өзінің дүниетанымы мен оң сенімдерін қалыптастыра алады. Өзін-өзі тәрбиелеу — бұл адам бойындағы үздіксіз процесс. Өзін-өзі тәрбиелеу — өзін-өзі жетілдірудің алғашқы қадамы.

Өзін-өзі тәрбиелеу кезінде бәрі сәтті болу үшін алдымен жасырын ниеттің, қорқынышын, қасиетін білу керек. Осыдан кейін ғана сіз нені қалайтыныңызды түсінуіңізге болады. Өзіңіз не қалайсыз, не ұнайтынын, неден қорқатыныңызды, нені бағалайтыныңызды сұрай аласыз. Өзін-өзі тәрбиелеу кезінде мақсатсыз қол жеткізе алмайсыз. Себебі, сіздің қиыншылығыңызды тежеу, жаман әдеттерден арылу, жанжал жағдайында өзін ұстай білу — бұл күресуге тұрарлық мақсаттардың мысалдары. Өзін-өзі тәрбиелеу үшін біртіндеп әрекет ету керек.

Шешім қабылдаңыз. Сіз өзіңіздің идеалыңызды суреттеуіңіз керек. Бұл нақты тұлға болуы мүмкін — әке, дос, мұғалім, жаттықтырушы. Сол себепті болашақта өзін-өзі бейнелеу — белгілі бір мінез-құлық белгілері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, әр мақсатқа жоспар құрып соған жету керек [3]. Өзін-өзі тану — адам бойында көптеген жағымды қасиеттер бар және сіз олардың қалай көрінетінін және оларды бұғаттай білуіңіз керек. Өз кемшіліктерін мойындап, қабылдай алатын адам осы кезеңнен сәтті өтеді. Жоспарын құрастыру үшін жеке даму перспективаларын және мақсатқа жетуге көмектесетін әдістерді анықтау қажет. Ол қол жетімсіз болып көрінбеуі үшін мақсатты бірнеше бөлікке, қадамға бөлген дұрыс. Сондай-ақ, жақсы нәтижеге жету үшін уақытты дереу анықтау маңызды. Іске асыру үшін тоқтамастан әрекет етіп және белсенді жұмыс бастауға және жоспарға сүйеніп, жұмыс жасаған дұрыс. Біз өзімізді, идеалымызды және өмірімізді өзіміз жасайтынымызды ұмытпауымыз керек!

Әр жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, оның өмірдегі орнын көрсететін айнасы болғандықтан, әрбір жеке тұлға өзін-өзі дамытып, өзіне не керектігін анықтауы арқылы болашақта жақсы жетістікке жетеді.

Әдебиет:

1. Самохвалова А. Г. Ступени самовоспитание личности. — С. 5–6.
2. Станкин М. И. Психология общения: курс лекций. — М.: 2000. — 304 с.
3. Корчак Я. Воспитание личности: Кн. для учителя. — М., 1992. — 287 с.

## Бала тәрбиесіндегі отбасы мен психологтың өзара әрекеттестігі

Тру Аида Сухрапқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Серікбаева, педагогика ғылымдарының магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Өз балаларыңызды сүйе отырып оларды сізде де сүйюге үйретіңіз, үйретпесеңіз — қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз.*

*В.А. Сухомлинский*

Қазіргі таңда қозғалатын мәселелер олар бала тәрбиесі және отбасы. Себебі отбасы адам баласының оның адам ұрпағына деген ықпалын өмірдегі ешнәрсемен салыстыруға болмайды, ата-ананың балаға деген тәрбиесінің өте ерекше. Бала тәрбиесінің қоғамдағы тәжірибені жинақтау әрі ерекшелігіне байланысты. Баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан көпқырлы жан-жақты болуы отбасына да байланысты. Баланы бастан демекші, мектепке алғаш келген балаға дұрыс тәрбие беру, ауытқушылықтардан сақтап қалу мұғалімнің және ата-ананың міндеті. Жақсы тәрбиемен есейген бала, ол қашанда біздің қуанышымыз.

Тәрбие-педагогикалық негізгі ұғым. Адамның мінез-құлқының қоғамда қабылданған нормалар мен ережелерге сәйкес болуын және жеке адамның сипаттары мен қасиеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіс. Адамның жеке басының қалыптасуы сыртқа және ортаға болған жағдайлардың және тұқым қуалаушылыққа да байланысты.

Тәрбие мен қоршаған ортаның тигізетін әсері адамның дамуына және қалыптасуына байланысты. Отбасындағы орын алатын жағымсыз жағдайлар баланың өсіп өнуіне мінез-құлқының дамуына кері әсерін байқалғанда, тәрбиеші отбасы тәрбиесіне араласуы тиіс. Ата-аналарға ықпал жасау қоғамдық ұйымдарға беру, баланың тілін табу мақсатында және жұмыс жүргізу, сабақ оқу үшін қажетті көмек т.б. Тәрбие көп себепті үдеріс болып табылады. Оған қоршаған орта, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орны, жастар ұйымы, өнер және бұқаралық ақпарат құралдары әсер етеді. Әсер етуші көп себептерді екі негізгі топқа бөледі: объективтік және субъективтік.

Объективтік себептер тобына мыналар жатады:

- генетикалық тұқым қуалаушылық және адамның денсаулық жағдайы;
- отбасының әлеуметтік және мәдени қажеттіліктері;
- өмірбаян жағдайы;
- мәдени дәстүр, кәсіптік және әлеуметтік мәртебе.

Субъективтік себептер: тобыныңмыналаржатады;

— психикалық ерекшеліктер, дүниеге көзқарас, құнды бағдар, тәрбиеші мен тәрбиелеушінің ішкі қажеттілігі және қызығушылығы;

— қарым — қатынас жүйесі.

Педагог баланың білім мекемесінің тыс жердегі араласатын адамның білуге тиіс. Әр отбасының тұрмысын бала тәрбиелеу жақсы білуде өзара түсіністік пен қалыптастырады. Мектепке дейінгі мен отбасының балаларды тәрбиелеудегі көмектесетінін педагогикалық мәдениетінің арттыру үшін отбасы мен жұмыстың шарттары [1] жас ұрпақты тәрбиелеудің табысты болуы тәрбие мекемелерінде отбасында жүзеге асырылатын қоғамдық тәрбиенің бірлігінде.

Отбасындағы тәрбие түгел іске асып отырмайды. Отбасының ерекше тәрбиелік ықпалы өте күшті оларды тәрбие барысында ескеру қажет. Отбасының өзіне тән ерекше қызметтері бар. Отбасында бірінғай талаптары болмауы ересектер арасында алауыздықтан пайдаланып баланың екіжүзді және жағымпаз нәрсеге бейім болып өсуі. Отбасының маңызы кішкене балаларды тәрбиелеуге ерекше ата-ананың басшылығы мен қоршаған дүниені алғаш түсініктерді меңгереді. Отбасында жіберілетін қателіктер балалардың дамуына теріс әсер етеді, аса күрделі қайта тәрбиелеу қажеттігін туғызады. Өз баласына жақсылық тілеу болашақ азамат етіп тәрбиелесем деген сол тәрбиемен жүргізу керек [2].

Бала тәрбиесіндегі педагогикалық мәселерді ата-аналар мен мектепке дейінгі педагогтар маңызды рөл атқарады. Педагог отбасы мен балалар тәрбиесі берудегі өзара ынта мен орнатуға ата-аналарға педагогикалық білім мен оларға көмек көрсету міндеті. Отбасы мүшелерінде дұрыс қарым-қатынас бірін-бірі құрметтеуі және бір-біріне қамқорлық жасауы, еңбексүйгіштік, тәртіп пен отбасы дәстүрі ересектердің балаға қоятын талаптардың бірлігі маңызды. Отбасында материалдық пен рухани қажеттіліктермен қатар дамитындай болуы тиіс. Отбасы мен жұмыс міндеттері мынадай: балаларды тәрбиелеуде бірлік орнату, ата — аналарға педагогикалық білім беру, отбасындағы тәрбиенің озық тәжірибесін зерттеу және тарату. Отбасыларындағы озық тәжірибе жиналыстарда басқа ата — аналармен назарына ұсынылады.

Әдебиет:

1. Андабекова С. Мектепке дейінгі педагогика.— 23, 239, 235, 236 бб.
2. Құрманғалиева Ш. Х., Мұқанова Б. Ж., Ғалымова Ә. У., Ильясова Р. К. Педагогика.— 259, 260, 234, 235 бб.

## Қашықтықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Туллубай Аяжан Алтынбекқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: М. Д. Қасымбекова, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Бүгінгі таңда, XXI ғасыр — жаңа ақпараттық технологиялардың жедел дамып келе жатқан заманы болып табылады. Дамыған заман талабы — жаңартылған ақпараттық технологияларды заманнан қалыспай меңгеру.

Тіпті, Біріккен Ұлттар Ұйымы осы тұрғыда «XXI ғасыр — ақпараттандыру ғасыры» деп атаған және қоғамды жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен — елдің дамуына, мәдениеттің қанат жаюына, ғылымның дамуына, білімнің салтанат құруына бірден-бір негіз болып табылады.

Айта кету керек, қазіргі бүкіл әлемде болып жатқан жағдай ешкімге де оңай соғып жатқан жоқ. Бірақ осындай қиын-қыстау мезетте ақпараттық технологиялардың дамуының арқасында қашықтықтан оқыту режимі дер кезде іске қосылды.

Қашықтықтан оқыту — ақпараттық технологиялардың көмегімен және жаңа дәстүрлі білім беру жүйесінің бір түрі.

Қашықтықтан оқытуда жаңа білім беру стандарттары аясында өзекті болып қалатын білім беру проблемаларын шешуде психологиялық — педагогикалық қолдаудың жеткілікті тәжірибесінің жинақталуы осы мезетте маңыздырақ зор. Алдағы білім беру негізі ретінде біз өңірімізде қалыптасқан психологиялық-педагогикалық қолдау практикасының нәтижесінде қашықтықтан оқыту барлық білім саласында үздіксіз жүру процесінде жалғасып жатыр [1].

Қазіргі кезде заманға сай қашықтықтан оқытудың түрлі тәсілдері шығып жатыр. Атап өтетін болсам, қашықтықтан оқыту, білім беру технологиялары: «Online» және «Offline» режимінде және «Classroom», «Zoom» платформасы және тағы да басқа әлеуметтік желілер арқылы бүкіл әлем өз жұмысын қазіргі кезеңде жалғасын табуда.

Ендігі кезекте, қашықтықтан оқытудың психологиялық — педагогикалық тиімділігіне тоқталатын болсам: білімге құмар болып келетін тұлғаларға қашықтықтан оқыту арқылы керемет мүмкіндіктің жасалуы; ой-санасы терең дамыған тұлғалардың кез келген ақпаратты лезде тауып алу мүмкіндігі; Кез келген білім орталықтарындағы білімді әлеуметтік желілер арқылы оқып алу мүмкіндігі; шығармашылық бағытқа бұрылуға

уақыттың барынша берілуі; қашықтықтан оқыту техникалық құралдармен жұмыс жасауға пайдасы зор.

Қашықтықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне тоқталатын болсам: білімін жетілдіргісі келетін бірақ, көпшіліктен қысылатын тұлғаларға қашықтықтан оқыту арқылы зор мүмкіндік берілуде; адамдармен байланысуы өте баяу тұлғалардың қашықтықтан оқытуда, байланыс жасауға арналған желілердің көбеюі; басқа мемлекеттен білім алғысы келетін бірақ, мүмкіндіктің жоғына қарамастан қашықтықтан оқыту арқылы ақпараттандырылуға, білім алуға мүмкіндіктерінің болуы; Кез келген тұлға өз-өзін қашықтықтан оқыту арқылы ғаламтормен жұмыс істеу қабілеттің дамуына да ықпал етуі [2].

Сондықтан да, кез келген білім алушы мен білім берушінің арасында қашықтықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ескерілетін болса, сапалы білім болары анық.

Қашықтықтан оқыту көптеген ақпараттық технологиялардың дамуына, білімнің жетілуіне бүгінде маңызды рөл атқаратынын ұмытпауымыз қажет.

Жаһанданып келе жатқан, зайырлы мемлекетте қашықтықтан оқытуға бір сарынды қарамай, даму сатысының бір бөлшегі ретінде қарайтын болсақ, қашықтықтан оқыту Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ең алдымен білімді алдыңғы орында тұруы керектігін ашып көрсеткен болатын. Сол себепті қашықтықтан оқыту арқылы қашықтықтан оқытылатын білімнің қыр-сырын, құпиялық ақпараттарын біле аламыз деуге де болады [3].

Сөздің ашығы, білемін, оқимын деген жеке тұлғаға әрқашан қалайда болсын бір жолдың есігі ашық тұратынын ұмытпағаймыз.

«Білімдіге дүние жарық,

Білімсіздің күні ғаріп», — демекші, білімді қашықтықтан оқудың жолын таба білген адам — білім алудан қалыспайды, ал қашықтықтан оқуға зер салмаған адам көштің соңында қалары сөзсіз түсінікті.

Әдебиет:

1. Панфилов А. П. Қарым-қатынас психологиясы. — 55 б., 78 б.
2. Шеламова Г. М. Психология және кәсіби қызметтік этикасы: оқу құралы». — 93 б., 112 б.
3. Майерс Д. Г., Туенж Ж. М. Әлеуметтік психология. — 45 б., 56 б.

## Күйзеліс жағдайындағы психологиялық көмектің ерекшеліктері

Тұрашов Батыржан Асқарұлы, студент

Ғылыми жетекшісі: А. У. Тулепбергенова, педагогикалық ғылымдар магистрі

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

«Күйзеліс» адам баласының торығу, күйзелу, жабығу секілді психиканың ауытқуы. Негізінен, адам баласының депрессияға ұшырауын психологиялық ауытқулардан туындайтын процесс ретінде санайды. Күйзеліс бірнеше уақытқа адам баласының қатты күйзеліске түсуін, одан әрі адамның эмоционалды тепе-теңдіктен шығуына әсерін тигізеді.

Күйзеліс дерті қоғам үшін ауқымды мәселе. Бірақ, бұл ұғым өткен ғасырдың емес, қазіргі ғасырдың жиі қолданыстағы сөзіне айналды. Себебі, бүгінгі заманда күйзеліске түспеген жан кемде-кем. Әлемдік зерттеулер бойынша жүрек қан-тамырлары ауруынан кейінгі орында тұрған осы күйзеліс. Әрбір адам баласы белгілі бір кезеңде психологиялық күйзелісті бастан кешіру үстінде екені белгілі. «Күйзеліске түсіп жүрмін» деген сөзді бес адамның төртеуі жиі айтатын болды. Бұрын-соңды мұндай сөзді көп естімеуші едік. Ал қазір бұл біздің жиі қолданыстағы сөзіміздің біріне айналды. Әлем халқының 30% өмір бойы депрессиялық күйзелісте жүреді [1].

Денсаулық сақтау ұйымының 2018 жылғы көрсеткіші бойынша күйзеліске ұшырағандар саны әлем бойынша 300 миллионнан асқан. Ал, Қазақстандағы көрсеткіш 4,4%-ды көрсетеді, бұл шамамен 800 000 адам. Бұл осыдан 4 жыл бұрынғы көрсеткіш, бүгінде саны көбеймесе, кеміді деп айта алмаймыз.

Күйзеліс «адам миының қара сөлге толуы» деп Гиппократ анықтама берген. Сондай-ақ, психологтар күйзелісті XX ғасырға тән дерт деп есептегенімен, XXI ғасырды да бей жай қалдырмады. «Осы алдағы он жылда күйзеліс ең үлкен қоғам дерті болуы әбден мүмкін», — деп дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пайымдады. Менің түсінігім бойынша, адамның психологиялық күйзелісі күн сайын артып келетін сияқты. Гарвард университеті мен Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы зерттеулері бойынша, әлемде 120 миллиондаған адамның бойынан күйзеліс дерті табылған. Ең қиыны, жыл сайын 800 мың адам күйзелістің кері әсерінен өз-өзіне қол салған.

Психолог мамандары күйзелісті үш кезеңге бөлді:

1. Адамзаттың жүрек қан тамыр ауруларына жиі ұшырауы немесе белгілі апаттар арқылы пайда болған психикалық ауытқу немесе күйзеліс;

2. Психогендік депрессия — тұлғаның психикалық ауытқуы салдарынан пайда болатын депрессияның түрі өте қайғылы жағдайға итермелеуі мүмкін. Бірақ, бұндай күйзеліс ұзаққа созылмайды. Қарапайым халықтың тілімен айтқанда, бұл депрессия «ұмытшақтық ауруы» сияқты.

3. Эндогендік депрессия — адамның ішкі жан дүниесінде пайда болатын дерт. Бұл депрессия адамға кері әсерін береді. Эндогендік депрессиялық күйге түскен адам көз алдында орын алған құбылыстарға баға бере алмай, белгілі бір сезімдерді бастан кешіре алмай, өзін-өзі түсінбей дал болады [2].

Күйзеліс жағдайында көмек көрсету:

- Әрдайым оның жанынан табыла алатыныңызды, қолдайтыныңызды дәлелдеңіз! Себебі, уайымға салынған адамдар өздерін жалғыз сезінуі мүмкін, олар өздерінің сезімдері мен эмоциялары үшін ұялады, әрі сол үшін өздерін кінәлайды. Сіз қандай жағдай болмасын, оның қасынан табылатыныңызды, оның кез келген жағдайы сіз үшін қалыпты жағдай екенін ұқтырыңыз және көмектесуге дайын екеніңізді түсіндіріңіз. Сол кезде адам сізге ойын ашық айта бастайды.

- Күйзелістегі адамның сөзі мен әрекетіне мән беріңіз! Күйзеліске түскен адамға «өз-өзінді қолға ал» немесе «жақсы ойла» деген әңгімелер ешқашан көмектеспейді. Тіпті, ол адамға өзінің шын ниетіңізді білдіргіңіз келсе де, оның жағдайында түсіну қиынға соғады. Бұл сөздер оның жағдайының шынымен мүшкіл екенін түсінбегеніңізді көрсетеді. Себебі, бұндай әңгімелер оның айналасындағы адамдардың айтатын сөзі деп біледі. Осы жағдайға тап болсаңыз, жәй ғана құшақтап «Сенің не сезімде отырғаныңды білмесем де, саған қиын болып жүргенін көріп жүрмін», — деп, адамға сезімін сізге көрсете алатындай мүмкіндік жасаңыз!

- Көмек көрсетумен қатар, шыдамдылық көрсетіңіз: Күйзелісті емдеу ұзақ уақытқа созылады, әрі өте ауыр өтеді. Өйткені, депрессиядағы адам көп жағдайда өзгерістен қорқады. Сол себепті оның емделу шарасы уақытылы өтуін қадағалап, шыдамдылық танытыңыз!

- Өзіңіздің де сол жағдайға түсіп кетпеуіңізді қадағалаңыз: күйзелістегі адаммен бірге жүру — қиын. Әсіресе, ол сіз үшін жақын адамыңыз болса, бұндай жағдайда өзіңізді естен шығаруға болмайды. Жақыныңыз үшін күресу сіздің энергияңызды жеп қоюы мүмкін. Сол себепті, өзіңізге уақыт бөліп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысуды ұмытпаңыз! [3].

Қорытындылай келе, әрбір адам баласы күйзеліске кез келген сәтте, кез келген жаста ұшырауы мүмкін. Сондықтан тек қана білім алу ғана емес, әлеуметтік ортада өз орнын тауып, толыққанды тұлға болып қалыптасу қажет. Егер бұл жағдайды сізде бастан өткеріп жүрген болсаңыз, психологқа жүгінген жөн. Бірақ біздің қоғамда психологтың көмегіне жүгінген, кеңес сұраған адам рухани әлсіз немесе есуас, нақұрыс адам ретінде саналады.

Әдебиет:

1. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. — С. 36, 37.
2. Нурматова Ю. А. Свободное время в жизни студента. — С. 105, 108.
3. Азаров Ю. П. Чувство, техника, мастерство. — С. 32, 33.





# Молодой ученый

Международный научный журнал  
№ 25.1 (367.1) / 2021

Выпускающий редактор Г. А. Кайнова  
Ответственные редакторы Е. И. Осянина, О. А. Шульга, З. А. Огурцова  
Художник Е. А. Шишков  
Подготовка оригинал-макета П. Я. Бурьянов, М. В. Голубцов, О. В. Майер

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.  
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.  
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.  
Материалы публикуются в авторской редакции.

Журнал размещается и индексируется на портале eLIBRARY.RU, на момент выхода номера в свет журнал не входит в РИНЦ.

Свидетельство о регистрации СМИ ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г., выдано Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций (Роскомнадзор).

ISSN-L 2072-0297

ISSN 2077-8295 (Online)

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Номер подписан в печать 30.06.2021. Дата выхода в свет: 07.07.2021.

Формат 60×90/8. Основной тираж номера 500 экз., фактический тираж выпуска 16 экз. Цена свободная.

Почтовый адрес редакции: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: [info@moluch.ru](mailto:info@moluch.ru); <https://moluch.ru/>

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.